

"SDU UNIVERSITY" МЕКЕМЕСІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

Тілдік білім беру кафедрасының меңгерушісі  
А. Ногайбаева



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

**Орындаған:**

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының


2- курс магистранты

  
Магистранттың қолы

Құдайқұл Айнұр

**Ғылыми жетекші:**

Магистр, аға оқытушы

  
Жетекшінің қолы

Абиыр Ақбота

Қаскелен, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 372.882

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

**Жоғары білім беруде Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын оқыту  
әдістемесі**

7М01701 – Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша

Құдайкүл Айнұр

**Қаскелең, 2025**

"SDU UNIVERSITY" МЕКЕМЕСІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»  
Тілдік білім беру кафедрасының меңгерушісі  
\_\_\_\_\_ А.Ногайбаева  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

**Орындаған:**

«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2- курс магистранты

\_\_\_\_\_ Құдайқұл Айнұр  
Магистранттың қолы

**Ғылыми жетекші:**

Магистр, аға оқытушы=

\_\_\_\_\_ Абиыр Ақбота  
Жетекшінің қолы

**Қаскелең, 2025**

## АННОТАЦИЯ

**Зерттеу жұмысының тақырыбы:** Жоғары білім беруде Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын оқыту әдістемесі.

**Жұмыстың құрылымы:** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Зерттеу жұмысының көлемі:** Зерттеу жұмысы 62 бет, 5 кестеден тұрады. Зерттеу барысында 50 әдебиет қаралды.

**Кілт сөздер:** Алтын Орда әдебиеті, оқыту әдістемесі, әдеби мұра, студент, рухани тәрбие, сауалнама, оқу технологиясы.

**Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде** XIV ғасырда қалыптасқан Алтын Орда дәуірі әдебиетінің тарихи-әдеби негіздері, діни-философиялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері және түркілік дүниетаныммен сабақтастығы жан-жақты қарастырылады. Рабғузидың «Қисса-сүл әнбия» және Сәйф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» шығармаларының құрылымы, мазмұны, идеялық бағыттары мен тәрбиелік әлеуеті талданған. Бұл бөлімде әдеби мұраның студенттің рухани-этикалық дамуына ықпал ететін басты фактор екендігі дәлелденіп, зерттеу нысанының ғылыми маңыздылығы айқындалған. Сонымен қатар, әдебиеттанушы, тілші және педагог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, әдеби мұраны қазіргі білім беру жүйесіне ендірудің теориялық алғышарттары негізделеді.

**Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде** Алтын Орда әдебиетін жоғары оқу орындарында оқытудың әдіснамалық бағыттары мен технологиялары ұсынылады. Сүлейман Демирел университетінің студенттерімен жүргізілген тәжірибелік сабақтар мен сауалнама нәтижелері негізінде тиімді әдістер мен оқыту модельдері іріктелген. Дидактикалық материалдарды қолдану, мәтінмен жұмыс істеу әдістері, тарихи-әдеби контексте шығармаларды меңгерту жолдары нақты мысалдармен көрсетілген. Сонымен қатар, студенттің қызығушылығын арттыруға, көркем мәтінді саналы түрде қабылдауға ықпал ететін әдістер жіктеліп, инновациялық технологиялардың артықшылықтары дәлелденген. Бұл тарау педагогикалық тәжірибе мен ғылыми теорияны сабақтастыра отырып, оқыту процесінің нәтижелілігін арттыруға бағытталған.

**Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде** зерттеу жұмысында алынған нәтижелер жүйеленіп, негізгі ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар берілген. Алтын Орда дәуірі әдебиетін жоғары білім беру жүйесінде оқытудың маңыздылығы нақты мысалдар мен тәжірибелік нәтижелер арқылы дәйектеліп, студенттердің діни-рухани танымын қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі. Зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік жүйе білім алушылардың әдеби-танымдық көкжиегін кеңейтумен қатар, ұлттық мәдениетке деген құрметті арттыратыны айқындалды. Қорытынды бөлімде жұмыс нәтижелерінің практикалық қолдану аясы мен болашақ зерттеулерге бағытталған ұсыныстар да қамтылған.

## АННОТАЦИЯ

**Тема исследования:** Методика преподавания литературного наследия Золотой Орды в системе высшего образования.

**Структура работы:** Работа состоит из введения, двух глав (с подразделами), заключения и списка использованных источников.

**Объем работы:** Объем диссертации составляет 62 страниц, содержит 5 таблиц. В процессе исследования были проанализированы 50 литературных источников.

**Ключевые слова:** литература Золотой Орды, методика преподавания, литературное наследие, студент, духовно-нравственное воспитание, анкетирование, образовательные технологии.

**В первой главе диссертационной работы** всесторонне рассматриваются историко-литературные основы, религиозно-философское содержание, художественные особенности литературы Золотой Орды, сформировавшейся в XIV веке, а также её связь с тюркским мировоззрением. Анализируются структура, содержание, идейное направление и воспитательный потенциал произведений Насир ад-Дина Рабгузи «Кисса сул-Анбия» и Сайф Сарай «Гүлстан бит-түрки». В данной главе доказывается, что литературное наследие является важнейшим фактором духовно-этического развития студентов, и обосновывается научная значимость выбранного объекта исследования. Также на основе трудов литературоведов, лингвистов и педагогов определяются теоретические предпосылки интеграции указанных памятников в современную систему образования.

**Во второй главе диссертационной работы** представлены методологические подходы и технологии преподавания литературы Золотой Орды в вузах. На основе результатов практических занятий и анкетирования, проведённых среди студентов университета Сулеймана Демиреля, отобраны эффективные методы и модели обучения. Представлены конкретные примеры использования дидактических материалов, методов работы с текстом и приёмов освоения произведений в историко-литературном контексте. Также классифицированы методы, способствующие повышению интереса студентов, осознанному восприятию художественного текста и доказана эффективность современных образовательных технологий. Эта глава направлена на повышение результативности учебного процесса посредством сочетания педагогической практики и научной теории.

**В заключительной части диссертационной работы** систематизируются полученные результаты исследования, формулируются основные научные выводы и обосновывается практическая значимость предложенной методики.

Подчёркивается значимость преподавания литературы Золотой Орды в системе высшего образования, её роль в формировании духовно-нравственного мировоззрения студентов. Предложенная методическая

система не только расширяет литературно-познавательный кругозор обучающихся, но и способствует воспитанию уважительного отношения к национальной культуре. Также в заключении освещены возможные сферы практического применения результатов исследования и направления дальнейших научных разработок.

## ABSTRACT

**Title of the Research:** Methodology for Teaching the Literary Heritage of the Golden Horde Period in Higher Education.

**Structure of the Thesis:** The research consists of an introduction, two main chapters (with sub - sections), a conclusion, and a list of references.

**Volume of the Thesis:** The thesis comprises 62 pages and includes 5 tables. A total of 50 sources were consulted during the research.

**Keywords:** Golden Horde literature, teaching methodology, literary heritage, student, spiritual education, survey, educational technology.

**In the first chapter of the dissertation,** the historical and literary foundations, religious-philosophical content, and artistic features of Golden Horde literature, as well as its connection with Turkic worldview, are thoroughly analyzed. The structural, thematic, and ideological aspects, as well as the educational potential of Nasir ad-Din Rabghuzi's *Qissas al-Anbiya* and Saif Sarai's *Gulistan bit-Turki*, are analyzed. This section proves that literary heritage plays a vital role in students' spiritual and ethical development and establishes the scientific significance of the research object. Theoretical foundations for incorporating such works into contemporary education are substantiated based on the writings of literary scholars, linguists, and pedagogues.

**In the second chapter of the dissertation** methodological approaches and teaching technologies for introducing Golden Horde literature in higher education are presented based on practical lessons and student surveys. Based on practical lessons and survey results conducted with students at Suleyman Demirel University, effective teaching methods and models are identified. The chapter presents specific examples of using didactic materials, textual analysis techniques, and strategies for understanding literary works in their historical and cultural contexts. Methods that enhance student engagement and conscious interpretation of literary texts are classified, and the advantages of innovative educational technologies are substantiated. This part integrates pedagogical practice with academic theory to increase the effectiveness of the learning process.

**In the final chapter of the dissertation** the research findings are summarized, key academic conclusions are drawn, and the practical significance of the proposed methodology is substantiated. The importance of teaching Golden Horde literature in higher education is supported by practical results and examples, emphasizing its role in shaping students' spiritual and cultural consciousness. The proposed methodological framework not only broadens learners' literary horizons but also fosters a deeper respect for national cultural heritage. The conclusion also outlines potential areas for practical application and directions for future research.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                          |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                      | <b>3</b>  |
| <b>1 АЛТЫН ОРДА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>             | <b>7</b>  |
| 1.1 Алтын Орда дәуір әдебиетінің қалыптасу тарихы.....                                   | 7         |
| 1.2 Н.Рабғузидың «Қисса-сүл әнбия» ескерткішінің таралуы және зерттелуі.....             | 16        |
| 1.3 Сәйф Сарай «Гүлстан бит-түрки» шығармасының көркемдік қуаты.....                     | 26        |
| <b>2 АЛТЫН ОРДА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ.....</b>                    | <b>37</b> |
| 2.1 Жоғары білім беруде Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын оқыту әдістемесі.....       | 37        |
| 2.2 Жоғары оқу орнындағы студенттерге арналған эксперимент барысы мен қорытындылары..... | 52        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                    | <b>58</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                              | <b>60</b> |

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы:** Бұл магистрлік диссертациялық жұмыс жоғары білім беру жүйесінде Алтын Орда дәуірі әдеби мұраларын оқыту әдістемесін ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерделеуге арналған. Зерттеу барысында XIII–XIV ғасырлардағы түркі әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары талданып, олардың көркемдік, тәрбиелік және рухани-танымдық әлеуеті айқындалды. Әсіресе Н.Рабғузидың «Қисса-сұл әнбия», Сәйф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» сынды шығармалары жоғары оқу орындарында оқытылатын әдеби мұра ретінде арнайы қарастырылды. Жұмыста бұл әдеби үлгілерді қазіргі студенттердің жас және танымдық ерекшеліктеріне сай меңгерту жолдары ұсынылып, жаңашыл әдістемелік модельдер жасалды.

Зерттеу Сүлейман Демирел университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенттерімен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға негізделген. Осы арқылы Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудың тиімді жолдары мен студенттің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы рөлі тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Жұмыс мазмұны философиялық, әдеби-теориялық, педагогикалық және әдістемелік ұстанымдарға сүйене отырып құрылған. Зерттеу барысында әдебиеттанушы, тілші және педагог ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, қазақ әдебиетін оқытудың мазмұны мен құрылымын заманауи талаптарға сай жетілдіру жолдары қарастырылды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда Алтын Орда дәуірі әдебиетінің тарихи және ғылыми-теориялық негіздері қарастырылса, екінші тарауда әдеби мұраны жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі мен тәжірибелік жолдары ұсынылады. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі таңда білім беру кеңістігінде гуманитарлық пәндердің маңыздылығы артып, қоғамды ізгілендіру, демократияландыру, ұлттық құндылықтарды жаңғырту үрдісі айрықша мәнге ие болуда. Жаһандану дәуіріне қадам басқан уақытта еліміздің білім беру жүйесі де түбегейлі өзгерістерді бастан кешіріп жатыр. Бүгінгі таңда болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне жаңаша көзқарас қалыптастыру қажеттігі туындап отыр. Бұл жалпы білім беретін пәндердің, соның ішінде қазақ әдебиеті пәнінің орны мен рөлін айқындап, оны оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа заман талаптарына сәйкес жетілдіру қажеттігін дәлелдейді.

Қазақ әдебиеті–оқушының эстетикалық талғамын қалыптастырып, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге, рухани дүниесін байытуға ықпал ететін ерекше пән. Әдебиет пәні–ұлттың тарихи-рухани жадының көркем шежіресі, халықтың дүниетанымын, мәдениетін, ұлттық мінезін, сана-сезімін танытатын негізгі құралдардың бірі. Осы орайда, қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде тарихи

кезеңдерге, әсіресе Алтын Орда дәуірі әдебиетіне ерекше мән берудің қажеттілігі айқын байқалады.

Алтын Орда дәуірі—қазақ халқының моральдық эстетикалық және діни тұрғыдан дамуына тікелей ықпал еткен маңызды кезеңдердің бірі. Бұл дәуірде дүниеге келген әдеби мұралар—түркі дүниесінің ортақ игілігі ғана емес, қазақ әдебиетінің бастауында тұрған рухани асыл қазына. Аталған кезеңнің әдеби ескерткіштерінде ұлттың елдік болмысын, дүниетанымын, философиялық көзқарасын танытатын терең мазмұн бар. Бұл шығармалар тек әдеби нысан ғана емес, ұлттың рухани әлемін, дүниетанымын зерттейтін ғылыми дереккөздер болып табылады.

Бүгінгі күні қазақ әдебиеті пәнінде Алтын Орда дәуірі әдебиетінің алатын орны кеңейіп, оқулықтар мен бағдарламалар мазмұнында біртіндеп жүйелене түсті. Дегенмен бұл кезеңнің әдеби ескерткіштерін тереңдете оқыту, моральдық-діни талдау жүргізу, шығармалардың тәрбиелік мүмкіндігін оқу-тәрбие үдерісіне толық енгізу әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Әсіресе, жоғары білім беру ұйымдарында бұл дәуір мұраларын оқытуда жүйелі әдістемелік ұстанымдардың жетіспеушілігі, көркем мәтінді студенттің психологиясына сай меңгерту жолдарының нақты белгіленбеуі, оқу үдерісінде қолдануға ыңғайлы оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы—осы салада ғылыми зерттеу жүргізудің маңыздылығын арттырып отыр.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Жоғары білім беруде Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын оқыту әдістемесі» деп таңдадық. Бұл тақырып-бүгінгі ұлттық әдеби білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік ізденістердің нақты көрінісі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі мынадай негізгі жағдайлармен айқындалады:

1. Бұл кезең мұраларын жүйелі түрде жоғарғы оқу орнында студенттерге оқыту қажеттілігі артып отыр;
2. Жаңа буынды ұлттық рухта тәрбиелеуде аталған әдебиет үлгілерінің танымдық әрі тәрбиелік әлеуеті зор;
3. Алтын Орда мұраларын оқытуда тиімді әдістемелік жүйені қалыптастыру – заманауи білім беру талаптарының бірі.

Осыған байланысты зерттеу жұмысымызда аталған әдеби кезеңді оқытудағы әдістемелік ұстанымдарды жүйелеу, оқушының тарихи-әдеби танымын қалыптастырудағы рөлін көрсету, оқыту мазмұны мен тәсілдерін жетілдіру жолдарын ғылыми негіздеу басты мақсат ретінде алынды.

**Зерттеудің мақсаты:** Алтын Орда дәуірі әдебиетін жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-теориялық және әдістемелік тұғырын айқындау, оны қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұралардың діни-философиялық мазмұны мен көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін жан-жақты саралау;
2. Қазақ әдебиеті пәні аясында Алтын Орда кезеңі шығармаларын оқыту барысында туындайтын әдістемелік мәселелерді анықтау және талдау;

3. Жоғары оқу орнында Алтын Орда әдебиетін оқытуда қолдануға болатын тиімді, жаңашыл әдіс-тәсілдерді ұсыну;

4. Студенттердің Алтын Орда дәуірі әдебиетіне, рухани және мәдени мұраларға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететін оқыту технологияларын жүйелеу

**Зерттеу нысаны:** Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті пәні аясында Алтын Орда дәуірі әдеби мұраларын студенттерге меңгертудің үдерісі.

**Зерттеудің теориялық маңызы:** Зерттеу жұмысын теориялық тұрғыда дәйектеуде көрнекті әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулері мен көркем әдебиет пен ақын-жазушылар шығармашылығының тұлға қалыптастырудағы өзіндік үлесі дәйектелген монографиялық еңбектері, халық педагогикасындағы жетекші ұстанымдар мен оқытудың жаңаша идеялары басшылыққа алынды. Атап айтатын болсақ, түрколог ғалым Әмір Нәжіп, Б. Кәрібаев, Н. Келімбетов, С. Аманжолов, Р. Бердібаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаевтың, Б. Сағындықұлы, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаева, Т. Қыдыр ой-пікірлері арқылы дәйектедік.

**Зерттеудің практикалық маңызы:** Зерттеу жұмысы барысында ұсынылған әдістемелік тұжырымдар мен оқытудың жаңашыл бағыттағы жүйелерін, сабақ үлгілерін жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде кеңінен пайдалануға болады. Бұл ұсыныстар студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын терең игеруіне ықпал етеді.

**Зерттеу әдіс-тәсілдері:** Зерттеу барысында төмендегі ғылыми әдістер кешені қолданылды:

Ғылыми-теориялық талдау әдісі-Алтын Орда дәуірі әдебиетінің мазмұнын, тақырыптық бағыттарын, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, діни-этикалық сипатын саралауға мүмкіндік берді.

Сауалнама, сұхбат жүргізу-Сүлейман Демирел атындағы университеттің қазақ тілі және әдебиет мамандығында оқитын студенттерімен жұмыс жүргізіліп, олардың Алтын Орда дәуірі әдеби мұраларына қызығушылығы, түсіну деңгейі және ұсынылған оқыту тәсілдеріне көзқарастары зерттелді.

Бақылау және тәжірибелік байқау әдісі-зерттеу нәтижелерін нақтылау мақсатында студенттермен тәжірибелік сабақтар өткізіліп, ұсынылған әдістердің тиімділігі тәжірибе барысында тексерілді.

Сандық және сапалық талдау әдістері-сауалнама нәтижелері пайыздық көрсеткіштермен өңделіп, ғылыми қорытындылар жасау үшін қолданылды. Бұл әдістер студенттердің Алтын Орда дәуірі әдебиетіне деген танымдық және рухани көзқарасын қалыптастыру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді және зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:** Алтын Орда әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары бойынша әдіс-тәсілдер ұсынылды. Студенттердің шығармашылық және тұлғалық қабілеттерін дамыту

мақсатында оқыту әдістері жетілдіріліп, олардың тәрбиелік маңызы айқындалды. Алтын Орда әдебиеті шығармаларының мазмұндық-құрылымдық сипаты анықталды. Осы кезеңдегі шығармалардың көркемдік құрылымы мен әдеби ерекшеліктері талданып, оларды тиімді оқыту жолдары ұсынылды.

**Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым:** «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет және оның зерттелу жайы» тақырыбындағы мақала 2024 жылдың 26 сәуір күні 11.00-де Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне 100 жыл толуына орай өткізілген «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жарық көрді.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімінде жұмыстың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері сипатталады. Бірінші тарауда Алтын Орда дәуірі әдебиетін жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері жан-жақты талданады. Бұл бөлімде аталған дәуір әдебиетінің діни-танымдық, моральдық-этикалық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Екінші тарауда жоғары оқу орындарында Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері ұсынылады. Мұнда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері, студенттердің танымдық белсенділігін арттыру жолдары, оқытудың тиімді технологиялары мен әдістемелік үлгілері көрсетіледі.

Қорытынды бөлімде жүргізілген зерттеудің нәтижелері жинақталып, негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар беріледі. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі ұсынылады.

# **1 АЛТЫН ОРДА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Алтын Орда дәуір әдебиетінің қалыптасу тарихы**

Орта ғасырлар шығыс әлемінде ғылым мен мәдениеттің гүлденген кезеңі болды. Ислам өркениеті Батыс ғылымының қалыптасуына дүниетанымдық тұрғыдан үлкен ықпал еткенін замандас ғалымдар сол уақытта-ақ мойындаған. Бұл туралы «Абай жолы» романында Е. П. Михайловтың араб өнерінің әлемдік ғылымға ғасырлар бойы мол жеміс бергенін атап өткен пікірі де айқын дәлел бола алады [1, 206 б]. Сонымен қатар, ежелгі грек ойшылдарының шығармаларының кейінгі шығыс және батыс ғалымдарына Әл-Фарабидің түсіндірмелері арқылы жеткені де назар аударуға тұрарлық.

Ғылымның түрлі салаларында еңбек еткен Әл-Фараби Аристотель, Евклид, Платон секілді антикалық грек ғалымдарының еңбектерін ортағасырлық ғылым мен мәдениеттің тілі болып саналатын араб тіліне аударған. Оның «Адамзат өз ортасында тәртіптілік, әділдік, үнемділік және ынтымақтастық негізінде өмір сүруі тиіс» деген философиялық тұжырымы түркі әдебиетінің негізгі идеяларымен үндес келді [2, 16 б]. Бұл тұжырымнан түркі дүниетанымындағы адамгершілік құндылықтардың Әл-Фараби еңбектерімен өзектес екені аңғарылады. Демек, оның идеялары түркі әдебиетіне рухани негіз бола алды.

Орта ғасырлардағы шығыс әдебиеті, әсіресе X-XIII ғасырлар аралығында, ислам дінімен тығыз байланыста дамыды. Әзербайжан ғалымы Х. Көрөғлының зерттеулері бойынша, ислам діні VII ғасырда араб жерінде жаңа дін ретінде пайда болды. VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың басында бұл дін Батыс және Шығыс Азияны, Африканы, Оңтүстік Еуропаны қамтыған, сондай-ақ Үнді мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі аймақтарға таралған Мұсылман мемлекетінің негізін қалады. Иран, Әзербайжан, Орта Азия, Солтүстік Үндістан, Грекия және басқа да елдердің ежелгі мәдени мұралары ортағасырлық араб мәдениетімен ұштасып, одан әрі жаңа бағытта дамыды. Бұл процесте мұсылман өркениетінің қалыптасуына арабтармен қатар, исламдық идеологияны қабылдаған басқа да халықтар елеулі үлес қосты [3, 19 б]. Ислам дінінің кең таралуы Шығыс әдебиетінің идеялық-мазмұндық негізін қалыптастыруға зор ықпал етті.

Ислам діні оны ұстанған халықтарға жаңа мәдениетті алып келді. Бұл дінді қабылдаған халықтардың барлығында да ислам негізіндегі әдебиет қалыптасты. Ислам мәдениетінің түркі жерінде өркендеуі Түркі ренессансының пайда болуына себеп болды. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ислам дінін қабылдамаған түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті жеткілікті деңгейде дамымаған. Сонымен қатар, олар демографиялық тұрғыдан да өсіп-өнбей қалғаны байқалады.

Ислам дінінің таралуына байланысты арабтың діни әдебиеті шығыс өлкелерінде қисса-дастандар арқылы кеңінен насихаттала бастады. Бұл

үрдістің қалыптасуы мен оның тарихи түп-тамыры туралы зерттеуші ғалым А. Қыраубаева қисса-дастандардың негізгі фабулалық желілерінің өте көне шығыстық мифтерден бастау алатынын атап көрсетеді. Мысалы, «Жүсіп пен Зылиха» қиссасының сюжеті ежелгі грек апокрифінде баяндалған Иосиф пен Асенефтің махаббат оқиғасына негізделсе, ал оның арғы бастауы Таураттағы Иосиф пен Потифардың жұбайының хикаясынан өрбігені белгілі [4, 241 б]. Осыдан қисса-дастандардың мифологиялық негізді сақтап, мәдениетті жеткізуші маңызды құрал рөлін атқарғанын аңғаруға болады. Бұл қиссаларда тұрақты сюжеттер, мысалы, «Мінсіз кейіпкер», «Сарай салдырған қыз», «Иранбақ», «Жазира аралы», «Кейіпкер жанының гүлге (шөпке) ауысуы» сияқты мотивтер ежелгі мифологиялық дәстүрлерден бастау алады.

Түркі халықтарының әдебиетіндегі жаңғыру кезеңінің пайда болуы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың дамуы мен олардың арасындағы мәдени және әдеби байланыстардың күшеюімен тығыз байланысты екені тарихи деректерден белгілі. А. Қыраубаева бұл жаңғырудың алғашқы кезеңі X-XII ғасырларда байқалғанын және оның Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари сынды ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқанын айтады. Осылайша, түркі ренессансының алғышарттары дәл осы шығармаларда негізделген, ал оның екінші кезеңі XIII-XIV ғасыр әдебиетінде одан әрі айқын көрініс тапты [4, 297 б]. Бұл түркі ренессансының терең тарихи-мәдени негіздерге сүйеніп дамығанын және оның кезеңдік сипаты бар құбылыс екенін айғақтайды.

Түркі әдебиеті тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі—Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуы. Бұл кезеңде көптеген құнды әдеби туындылар дүниеге келді. Тарих ғылымдарының докторы, академик Б.Кәрібаев Алтын Орданың XIII-XV ғасырлар аралығында Еуразия құрлығында өмір сүрген үлкен империя болғанын атап өтеді. Оның айтуынша, бұл мемлекеттің аумағы шығыста Ертістен бастап, батыста Дунайға дейін созылып жатқан кең аймақты қамтыды [5, 138 б]. Осы кезеңдегі әдебиеттің ерекшелігі—тек Қараханид дәуіріндегідей дидактикалық сипаттағы шығармалардың басым болуы ғана емес, сонымен қатар поэзия жанрының айтарлықтай дамуы еді. Түркі әлеміндегі жаңғыру үрдісінің XIII-XIV ғасырлардағы әдебиетте қайта жандануы қисса-дастан жанрының қалыптасуына алып келді.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қазақ әдебиетіндегі қисса-дастан жанрының тарихи тамыры тереңде жатыр. Бұл жанрдың шығу тегіне қатысты деректерді пайғамбар Мұхаммедтің әңгімелерінен де табуға болады. Аңызға сәйкес, Мұхаммед пайғамбардан тыңдармандары қызықты әңгіме айтып беруін сұрағанда, ол өнегелі әрі мәнді қиссалардың бірін баяндап берген екен. Сол қисса «Қисса Жүсіп» болған деген болжам бар. Осы аңыздың өзі түркі әдебиетіндегі қисса жанрының бастауы ретінде қарастырылуы мүмкін [4, 299 б]. Қисса жанрының діни сипат алуы оның әдебиеттегі тәрбиелік және дүниетанымдық қызметін күшейте түсті. Түркі әдебиетінде осы жанр арқылы рухани құндылықтар мен моральдық өлшемдер кеңінен насихатталды.

«Қисса-дастан» терминінің зерттеушілер арасында бірыңғай қолданылмайтыны байқалады. Ғылыми әдебиетте бұл жанрға қатысты әртүрлі атаулар кездеседі: «қисса», «қисса-хикая», «дастан», «рыцарлық дастан», «қисса-дастан». Мысалы, Е. Э. Бертельс бұл жанрды «рыцарлық дастан» деп атаса, В. М. Жирмунский, Е. М. Мелетинский және қазақ зерттеушілерінен Б. Әзібаева «романдық дастан» деген атауды қолданады. Ал С. Мұқанов пен М. Бөжеевтер бұл жанрды «қисса» деп атайды. Қазіргі зерттеулерде «дастан» термині жиі қолданылады, себебі бұл сөз шығыстық сюжеттерге негізделген поэма мағынасын білдіреді [2, 123 б]. Қисса-дастан жанрына қатысты атаулардың әркелкілігі оның жанрлық табиғатының күрделілігі мен тарихи-культурологиялық аясын кеңірек қамтитынын көрсетеді. Терминдік әртүрлілік бұл жанрды зерттеудің өзектілігін және оның әдеби процестегі маңызын айғақтайды.

Қисса да Тәңірім жаратқан бір болмыс. Ол да озалда Тәңірлік әлемде өз ақысымен бір мақсатта жаратылды. Оның мақсаты–момынның жүрегіне қайрат пен жігердің қуатын құйып, кез келген оқиғаның ішінен Алланың еркін, қалауын, күшін, жігерін, сырын жан-жүрегімен сезіндіру. Қисса мәні арқылы өзіңді рухани айнаның қарсы алдына отырғызып, өзіңнен есеп алғызу. Тіршіліктің қай тұсында, қандай деңгейде тұралап тұрғаныңды өзіңе анық көрсету [6, 14 б]. Қисса жанрының мұндай рухани мәнге ие болуы оны жай ғана әдеби үлгі емес, адам санасына әсер ететін тәрбиелік құрал деңгейіне көтереді. Ол оқырманды ішкі рефлексияға жетелеп, өмірлік бағдар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қисса-дастандардың қалыптасуында фольклорлық дәстүрлердің әсері айқын байқалады. Бұл туралы ғалымдар да пікір білдіреді. Мысалы, А. Квятковский өзінің «Поэтикалық сөздігінде» қиссаны шытырман оқиғаларға құрылған ғашықтық немесе тарихи-қаһармандық сипаттағы әдеби әрі фольклорлық жанр деп сипаттайды [7]. Бұл жанр Орта Шығыс пен Орта Азия аумағында кеңінен таралғанын атап өткен жөн. Қисса-дастандар тек ауызша мәдениетпен ғана шектелмей, жазба әдебиеттің де бір бөлігіне айналды. Қазақ қиссаларының нұсқаларын шығарушылар тек сюжеттерді жинаушы ғана емес, оларды өңдеп, жаңа тұрғыда қайта жазушы ақындар болғанын ескермеуге болмайды.

Жалпы, қисса-дастан жанры түркі әдебиетіндегі ерекше құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Оның қалыптасуы мен дамуы ислам өркениетімен, араб-парсы әдеби дәстүрлерімен және түркілік фольклорлық негіздермен тығыз байланысты болды. Бұл жанр тек діни мазмұндағы шығармалармен шектелмей, сонымен бірге тарихи, мифологиялық, ғашықтық және батырлық жырларды да қамтыған кең ауқымды әдеби бағыт болды.

Қисса, хикая және дастан терминдері шығыстық әдебиетте өзара тығыз байланысты ұғымдар болып табылады. Бұл туралы Н. Келімбетов: «Қисса», «хикая», «дастан» ұғымдарының түп-төркіні бір-біріне жақын» деп атап өтіп, олардың ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталады. Ғалымның пікірінше, араб тіліндегі қисса сөзі ертегі, әңгіме, мысал мағынасын білдіреді. Қазақ

әдебиеттану ғылымында шығыстық сюжеттерге негізделген дастандар мен жыр үлгісінде баяндалған ертегілік хикаялар қисса деп аталады [8, 211]. Қисса, хикая және дастан ұғымдарының мағыналық жақындығы олардың шығу төркіні мен көркемдік табиғатының ортақ екендігін көрсетеді. Бұл атаулардың қатар қолданылуы шығыстық әдеби дәстүрдің сабақтастығы мен көпқырлылығын аңғартады.

Шығыстық қисса-дастандардың негізгі идеясы—адамгершілік қасиеттерді дәріптеу және ізгілік ұстанымдарын мойындау. Бұл шығармалардың басты кейіпкерлері—еркін ойлы, ғылым мен өнердің түрлі салаларын меңгерген, парасатты әрі мейірімді тұлғалар. Жанрлық тұрғыдан алғанда, қисса-дастандардың өзіндік ерекшелігі олардың проза мен поэзия элементтерін қатар қамтуында. Поэтикалық құрылымы жағынан бұл туындылар көркем теңеулерге бай, әсірелеу тәсілдері жиі қолданылады, әсіресе, аспан денелеріне теңеу кеңінен таралған. Сонымен қатар, кейіпкер бейнелеуінде идеализация басым: жағымды кейіпкерлер мінсіз болып суреттелсе, жағымсыз кейіпкерлердің сыртқы бейнесі олардың ішкі мазмұнымен толық сәйкестендіріледі.

Түркі әдебиетіндегі қисса-дастан жанрының қалыптасуы мен дамуы шығыстық нәзира дәстүрімен тығыз байланысты. Бұл дәстүрге қатысты Е. А. Бертельс, А. А. Стариков, Н. Х. Хатамов, А. Афсахов сынды шығыстанушы ғалымдар құнды пікірлер білдірген. Олардың зерттеулеріне сүйенсек, нәзира сөзі «жауап» деген мағынаны білдіреді. Түркия ғалымдары Н. Банарлы, А. Инан, Ф. Көпрүлүзаде, А. Рефик те нәзира дәстүрін жан-жақты зерттеп, оның әдеби процестегі маңыздылығын атап өткен. Бұл дәстүр алғашында араб әдебиетінде үрдіс ретінде қалыптасып, кейіннен парсы әдебиетінде қайта жаңғырып, орта ғасырдағы қисса-дастандардың дамуына негіз болды. Қисса-дастандар діни, ғашықтық, батырлық секілді тақырыптарды арқау етті.

XIII–XIV ғасырларда түркі әдебиетінде қисса жанрының тамаша үлгілері ретінде Әлидің «Қисса Жүсібі», Хұссам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтыбтың «Хұсрау Шырыны», Сәйф Сараидың «Гүлстаны» және Рабғузидің қиссалары дүниеге келді. Бұл шығармалар көне қыпшақ тілінде жазылып, шығыстық классикалар қатарында ғана емес, Батыс әдебиетінде де өз ізін қалдырды. Мысалы, Гетенің шығыстық жеті ақынын оқып, өз «Батыс-Шығыс диванын» жазғаны осы тұжырымның дәлелі болып табылады. Сонымен қатар, Н. Келімбетовтың «Байрон шығармаларында шығыстық сарындар айқын сезіліп тұр» деген пікірі де осы тұжырымды қолдайды.

Қарахандықтар дәуіріндегі әдебиетте діни сарындар мен ағартушылық бағыт ерекше орын алды. Бұл үрдіс Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиетінде жалғасын тапты. Рабғузидің «Қисса-сұл Әнбия», Сайф Сарайдың «Гүлстан бит-түрк», Махмұт бин Әлидің «Нахж-үл Фарадис» және осы кезеңдегі басқа да әдеби туындылар діни тақырыптарды қамтыды. «Құтты білік» пен «Ақиқат сыйы» поэмаларында мұсылмандық дүниетаным көркемдік-этикалық принцип ретінде көрініс тапса, Алтын Орда дәуіріндегі «Қисса-сұл Әнбия», «Гүлстан бит-түрк», «Нахж-үл Фарадис» секілді шығармалар ислам

қағидалары, шариғат нормалары, Құран аңыздары мен сопылық іліміне негізделген таза діни мазмұндағы туындылар болды.

Бұл әдеби мұралардың тағы бір ерекшелігі—олардың жанрлық құрылымында поэзия мен прозаның араласуы. Сонымен қатар, бұл шығармалар Алтын Орда дәуірінде кеңінен тараған аударма-нәзиралық әдебиет үлгілеріне жатады. Белгілі ғалым Алма Қыраубайқызы Алтын Орда кезеңіндегі әдебиеттің екі негізгі бағытын атап көрсетеді: оның алғашқысы—аударма-нәзиралық шығармалар («Хұсрау-Шырын», «Гүлстан», «Қисса-с-үл Әнбия», «Қисса Жүсіп», «Нахж-үл Фарадис», «Жұмжұма»), ал екіншісі—төл әдеби туындылар («Мұхаббат-нама») [9,15]. Жанрлық құрылымның аралас болуы бұл шығармалардың көркемдік мүмкіндігін арттырып, әдеби тіл мен стильдің байлығын танытады. Сонымен қатар, нәзиралық дәстүр арқылы түркі әдебиетінің өзге өркениеттермен сұхбаттасуы жүзеге асты.

Шығыстағы нәзира дәстүрінің аударма тәсілінен айырмашылығы айқын болғандықтан, алғашқы топқа жататын шығармаларды да белгілі бір дәрежеде өзіндік көркемдік ерекшелігі бар төл туындылар ретінде қарастыруға болады. Мәселен, белгілі түрколог ғалым Әмір Нәжіп түркі тілдерінің тарихына арналған еңбегінде Құтыптың «Хұсрау-Шырын» поэмасын «аударма емес, нәзира дәстүрінде жазылған тың туынды» деп бағалайды [10, 130]. Ғалымның Сайф Сарайидың «Гүлстан» поэмасы жайлы пікірі де осы сипатта.

Жалпы алғанда, нәзира дәстүрі Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиетінің даму бағыттарын айқындаған ерекше көркемдік үрдіс болды. Бұл үрдістің ықпалымен «Құтты білік» дәуірінде негізі қаланған түркі әдебиетінің әлеуметтік-этикалық қызметі одан әрі күшейіп, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, түркі әдебиетінің тақырыптық, мазмұндық, формалық, көркемдік құралдар мен стильдік ерекшеліктері айтарлықтай байи түсті.

Қарахандықтар дәуіріндегі түркі әдеби мұраларында ізденіс пен көркемдік тәжірибе алғаш рет көрініс тапса, Алтын Орда кезеңінде бұл үрдіс айтарлықтай жетіліп, кемелденді. Осы кезеңде түркі ақындары араб-парсы поэзиясымен бәсекеге түсу деңгейіне жетіп, түркі әдебиеті Шығыстық көркемдік-эстетикалық дәстүрлермен үйлесім таба отырып, өзіндік жаңа арнаға бағыт алды.

Профессор А. Қыраубаеваның пікірінше, «Араб халифатының билігінің аясына кірген елдердің мәдениеті мен әдебиеті бірыңғай дәстүр аясында қалыптасты. Бұл дәстүр шығыстың, оның ішінде түркі халықтарының әдебиетінде терең тамыр жайғанын, әрі халифат ыдырағаннан кейін, моңғол жаулап алынған кезеңде де, сол аймақтардың құрамындағы ру мен ұлыстар жеке хандықтарға, мемлекеттерге бөлініп кеткеннен кейін ұзақ уақыт бойы сақталғанын көрсетеді. Сондықтан шығыс алыптары Фирдоуси, Низами, Сағди қалдырған шығармашылық мұралар түркі тілдес халықтар әдебиетіне айтарлықтай ықпал етіп, араб, парсы және түркі тілдерін еркін меңгерген ақындарға шеберлік мектебінің негізін қалаған» [11, 78].

Осы шеберлік мектебінен туындаған, қай қырынан қарасақ та шығыстық үлгідегі түркі классикалық поэзиясының шынайы көрінісі ретінде Хорезмидың «Мұхаббат-нама» поэмасы ерекше орын алады. Бүгінгі күні оның ұйғыр әліпбиімен жазылған бір нұсқасы мен араб әліпбиімен жазылған екінші көшірмесі сақталып, қазіргі ғылымда кеңінен танымал. Сонымен бірге, поэманың қазіргі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне аудармалары жасалып, оның тілдік ерекшеліктері мен лингвистикалық аспектілері түркітану ғылымында жан-жақты зерттелді. А. Н. Самойлович пен В. В. Бартольдтардың мақалаларынан бөлек, поэманың тілдік-лингвистикалық қасиеттерін түбегейлі талдауға арналған Әмір Нәжіптің еңбегі ерекше маңызды орын алады [9]. «Мұхаббат-нама» поэмасының бірнеше нұсқада сақталуы және ғылыми айналымға енуі оның тарихи-мәдени құндылығын арттыра түседі. Бұл туынды түркі жазба поэзиясының даму деңгейін танытатын айрықша үлгі ретінде бағаланады.

Қазақ ғалымдарының, атап айтқанда, С. Аманжолов, Р. Бердібаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетовтің игі бастамаларынан кейін, «Мұхаббат-нама» поэмасы әдебиеттану саласындағы арнайы зерттеу жұмыстарын дамытуға негіз қалап, 1985 жылы А. Қыраубаеваның қазіргі қазақ тіліне көркем аудармасы жарыққа шықты. Оның артынан Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаевтың жолма-жол аудармалары да қосылып, туындының жанрлық ерекшеліктері мен қазақ оқырманын қызықтыратын тұстары айқын көрінді. Сонымен қатар, Б. Сағындықұлы «Мұхаббат-наманың» сол дәуірдегі басқа жазба мұралармен салыстырмалы лексикасын зерттеп, 2001 жылы Г. Убайдуллаева «Мұхаббат-наме» ескерткішінің текстологиясы тақырыбында диссертациялық жұмыс дайындады.

Алтын Орда дәуіріндегі шығармалар мазмұнына қосымша, ғалымдар оларды идеялық және көркемдік ерекшеліктері бойынша да жіктеді. Мысалы, Р. Бердібаев «Ертедегі мәдениет куәлары» атты жинақтағы мақаласында осы дәуірдегі жазба мұралардың әдеби сипаты туралы аздап болса да маңызды мәліметтерді келтірсе, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбековтың құрастырған «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» (1967) еңбегінде де Алтын Орда әдеби мұраларынан үзінді мысалдар қолданылған [12].

Аға буын ғалымдарының осы игі бастамалары 1973 жылы А. Қыраубаеваның «Қысас Рабғұзи», «Мұхаббат-нама» шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін талдайтын диссертациялық жұмысына негіз болды [13]. Ғалым өз зерттеу еңбегінде Алтын Орда дәуірі түркі әдебиеті тарихына қатысты кең ауқымды мәліметтерді ұсынып, зерттеу нысаны етіп алынған екі шығарманың көркемдік қасиеттеріне терең талдау жүргізді. Зерттеуші Рабғұзи кітабын «бүкіл бір дәуір әдебиетін көрсететін қысса, әңгіме, ертегі, өлеңдердің үлкен жинағы» деп бағалап, сондай-ақ «Мұхаббат-наманың» идеялық және көркемдік сипатын жан-жақты ашып көрсетті [14, 178]. А. Қыраубаеваның бұл зерттеуі Алтын Орда дәуірі әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерделеуге жол ашып, кейінгі әдебиеттанушыларға бағыт-бағдар

берді. Ол мұралардың тарихи, көркемдік және рухани маңызын айқын көрсетіп берді.

Алайда, А. Қыраубаеваның бұл ғылыми еңбегінің маңызы ешқашан жоғалтылмайтын болса да, осы еңбектен басталған Алтын Орда дәуірі түркі әдебиетін жүйелі зерттеу ісі біршама тоқтап қалды. Кейінгі кезеңдегі осы дәуір әдебиеті мен мұраларына қатысты зерттеулер негізінен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардағы қысқаша мәліметтермен немесе Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев сынды ғалымдардың жеке ғылыми мақалаларымен шектелді. Дегенмен, Э. Н. Наджип, С. Аманжолов, А. Қыраубайқызы, Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев, Б. Сағындықұлы, Г. Ж. Убайдуллаева, А. Ибатов, М. Б. Сабыров сияқты ғалымдардың алғы сөздер, түсініктемелер, аудармалар мен жарияланымдар арқылы осы дәуір әдебиетін зерттеу бағытында тұрақты жұмыс жүргізіліп келе жатқаны да айқын. Осыған байланысты, әдебиет тарихымыздағы Алтын Орда дәуірі сынды күрделі кезеңнің әрбір шығармасының көркемдік және дәстүрлік негіздерін терең талдау қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет мемлекеттің іргетасын нығайтуда айтарлықтай идеологиялық рөл ойнай бастады. Бұл әдеби шығармалардағы әлеуметтік-мәдени мәселелер әртүрлі нәсілдік, конфессиялық және этноұлттық топтардың объективті бірлігін қалыптастыруға бағытталған. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы жанжалдар мен шиеленістер мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіруі мүмкін болғандықтан, осындай жағдайда қажетті моральдық-адамгершілік қағидаларды нығайту міндеті өзекті болды. Әдебиет өз міндетін атқарып, орта ғасырлық дәуірдегі түркітілдес халықтардың ауызша мәдениетін одан әрі дамытып, сол арқылы қоғамдық тәртіп пен рухани бірлікті қамтамасыз етуге зор үлес қосты.

Осыған сәйкес, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет қоғам сұранысына сәйкес келесі үш негізгі бағытта дамыды:

1. Жаратылыс табиғатын шынайы түсіндіруге бағытталған «болмыс ақиқаты» (Хақ) туралы білім.

Алтынордалық қауымның осы сұранысы Рабғұзидың «Қиссас әл-әнбия» және белгісіз автордың «Муғин әл-мүрид» еңбектерінде айқын көрініс тапты.

2. Адам баласының мінез-құлқы мен рухани-эстетикалық жауапкершілігін білдіретін «әдеп» (тектілік) және «кәмәләт» (адамгершілікті жетілдіру) мәселелерін насихаттау.

Бұл бағытты Махмұт Бұлғари шығармаларында ерекше дәріптеп, қоғамдағы мақтаулы мінез-құлық қағидаларын қалыптастыруға назар аударған.

3. Сопылық дәстүрдің әдеби көрінісі.

Р. Харезми, А. Харезми және басқа да авторлардың шығармаларында сопылық ілімнің іздері айқын байқалады [15,44]. Сопылық ілім бұл

шығармалардың мазмұнына терең рухани мән беріп, адам мен Жаратушы арасындағы байланысты көркемдік тұрғыдан бейнелеуге мүмкіндік жасады.

Қысқаша айтқанда, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет төмендегідей үш негізгі бағытқа бөлінді:

Кесте 1 - Алтын Орда дәуіріндегі негізгі бағыттар

| Бағыт                                | Түсініктеме                                                                                     | Негізгі шығармалар мен авторлар                                  |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| 1. Болмыс ақиқаты (Хақ) туралы білім | Жаратылыс табиғатын шынайы түсіндіру, Хақ туралы білім беру.                                    | Рабғұзи — «Қиссас әл-әнбия», белгісіз автор — «Муғин әл-мүрид»   |
| 2. Әдеп және кәмәләт                 | Адам баласының міндеті, адамгершілікті жетілдіру және қоғамдағы мінез-құлық қағидаларын дамыту. | Махмұт Бұлғари (шығармаларында этикалық, адамгершілік қағидалар) |
| 3. Сопылық дәстүр                    | Сопылық философиясы мен рухани ілімдерін дамыту.                                                | Р. Хarezми, А. Хarezми және басқа сопылардың шығармалары         |

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет жоғарыда аталған үш бағытқа бөлінді, олар өз кезегінде мемлекеттің идеологиялық негізін нығайту мен халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Осылайша, бұл зерттеу нәтижелері Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұраның құрылымдық, идеялық және көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді және қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзектілігін айқын көрсетеді.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мәдени мұраға деген көзқарас түбегейлі өзгерді, жаңаша пайымдаулар пайда болды. 2003 жылдан бастап іске асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталды дамытуды, адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам мен адам парасатының қалыптасуының бастауы, сондай-ақ тарихи естеліктердің маңызды қоймасын құру мен қорғауды мақсат етті. Осы бағдарламаның аясында қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуіндегі орны айқын көрініс тауып, әдебиетіміздің әртүрлі бастаулары мен даму кезеңдері де жаңа зерттеу нысандарына айналды. Дегенмен, соңғы жылдарда осы дәуір әдебиетін зерттеушілер көбінесе жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдарға сүйенеді.

Мысалы, Т. Қыдыр өз зерттеу мақаласында былай деп айтады: «Алтын Орда дәуірі әдебиеті—екі арнадан нәр алды: көне түркі һәм шығыс мұсылман әдебиеті. Қарахандық билігінде өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани секілді ақындардың көркем ойлары Жошы ұлысында өмір сүрген түркі ақындары тарапынан әрі қарай дамытылды. Сонымен қатар, олар Сағди, Фердауси, Ғазали, Аттар, Руми, Низамилер секілді парсы әдебиеті өкілдерінің

шығармаларымен танысып, кейбір туындыларын түркі әдеби тіліне тәржімалады. Тіпті Шейх Сағдидың шығармалары сарайда кеңінен танылғаны соншалық, оның жыр шумақтары Алтын Орда астанасының кейбір ғимараттарының қабырғаларына жазылды. Бұл кезеңде Монғол шапқыншылығына ұшыраған Қазақстан мен Орта Азияның мәдениеті мен экономикасы мейлінше құлдырап, өндіруші күштер талқандалып, қыруар мол мәдени қазыналар жойылып кетті. Монғол әскерінің сәулетті қалаларды, білім мен мәдениет орталықтарын, бейбіт елді қиратуы 1219–1220 жылдары орын алды» [4]. Бұл талдаулар Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұраның идеялық-көркемдік негіздерін жан-жақты ашып көрсетеді. Зерттеу барысында алынған деректер мен ғылыми тұжырымдар әдебиеттің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беріп, қазіргі әдебиеттану саласындағы өзекті зерттеу нысаны ретінде қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихи және мәдени мағынасы жағынан терең зерттеуді қажет ететін кезең болып табылады. Бұл әдебиет өз дәуірінің қоғамдық сұраныстары, философиялық және діни ұстанымдары, сондай-ақ әлеуметтік құндылықтарына негізделген шығармалар жиынтығынан құралған. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармаларда болмыс ақиқаты, адамгершілік, этикалық құндылықтар және сопылық философия секілді өзекті тақырыптар кеңінен көтерілген. Осы дәуір әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін келесі тұжырымдар бойынша сипаттауға болады:

1. Алтын Орда әдебиетінің ерекшеліктері.

Бұл әдебиет саласы діни-философиялық мазмұнға ие, онда адамның болмыс ақиқаты мен рухани ізденістері ерекше орын алады. Рабғұзи мен басқа да авторлардың еңбектерінде әлемнің жаратылысы, адамның қоғамдағы орны және рухани кемелдену мәселелері кеңінен қарастырылған.

2. Әдеп, адамгершілік және иман мәселелері.

Алтын Орда әдебиеті адамгершілік құндылықтарды, тектілік пен этикалық тәрбиені насихаттайтын шығармалардан тұрады. Махмұт Қашқари және басқа ақындар мен жазушылардың еңбектерінде қоғамдағы мінез-құлық қағидалары мен этикалық нормалар қалыптастырып, рухани жетілуге ұмтылу басты тақырыптардың бірі ретінде көрініс тапқан.

3. Сопылық ілімінің әдебиеттегі көрінісі.

Бұл дәуір шығармаларында сопылық дүниетанымның ықпалы айқын байқалады. Рухани ізденістер, Аллаға құлшылық ету, ішкі жан тазалығы және адамның рухани кемелденуі секілді мәселелер әдеби туындылардың басты тақырыптарына айналған. Р. Харезми, А. Харезми сынды сопылардың шығармалары осы дәуірдің рухани-мәдени атмосферасын жеткізетін маңызды дереккөздер ретінде қарастырылады.

4. Алтын Орда әдебиетінің қоғамдық рөлі.

Бұл әдебиет саласы тек көркемдік құндылықты ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани, әлеуметтік және моральдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етті. Шығармалар қоғамдық тәртіп пен діни

сенімдерге негізделген құндылықтарды насихаттап, халықтың рухани дүниесін кеңейтуге бағытталған.

Алтын Орда кезеңіндегі шығармалар қазіргі әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымында тың дереккөз ретінде өз орнын сақтап келеді. Бұл дәуір әдеби мұрасы қазақ халқының мәдени және рухани тарихының ажырамас бөлігі ретінде болашақ зерттеу жұмыстарына негіз бола алатын үлкен құндылыққа ие.

## **1.2 Н.Рабғузидың “Қисса-сүл әнбия” ескерткішінің таралуы және зерттелуі**

XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштері арасында діни-исламдық ағартушылық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» немесе «Қисас-ул анбийя» атты кітабы ерекше маңызға ие. Бұл еңбек орта ғасырлық түркі әдебиетінің ажырамас бөлігіне енеді, себебі ол Адам атадан Мұхаммед пайғамбарға дейінгі барлық пайғамбарлардың өмір оқиғаларына қатысты кең ауқымды мәліметтерді ұсынады. Хижри жыл санағы бойынша 710 жылы (яғни 1309-1310 жж.) жазылған бұл туынды халық арасында «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбие Рабғузи» («Рабғузидың пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбия “әләйһи әс-сәләм”» («Пайғамбарлар қиссасы (ғ.с.))» және «Қиссаи Рабғузи» («Рабғузи қиссасы») деген әртүрлі атаулармен кеңінен танылды [16, 7 б]. Мұндай атаулардың көптігі, мұсылман халықтарында пайғамбарлар тарихына арналған діни-танымдық еңбектердің көптігіне және шығарма авторымен бірге атап көрсету маңызына байланысты. Автордың «...іздегенге оңай, тілекшіге сүйеніш болсын деп «Қиссаси әр-Рабғузи» (деп) ат қойды» деген жолдары осы тұжырымды растайды [17, 5-7 б]. Шығарма атауларының әртүрлі нұсқада сақталуы оның мұсылман дүниесінде кең таралғанын және рухани-танымдық құндылығы жоғары болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, автор есімінің атаумен бірге қолданылуы шығарманың беделі мен танымалдылығын арттырғанын көрсетеді.

XIV ғасырда жазылған бұл әдеби жәдігерге ғылыми қызығушылық бірден туындады. Оның зерттелуіне П. М. Мелиоранский, А. В. Ерофеев, С. Е. Малов, Н. П. Остроумов, Н. Ф. Катанов, В. В. Радлов, Н. И. Ильминский, В. Р. Розен, М. М. Габдерәхимов, Ғ. Х. Арифған, Ә. Н. Нәжіп, Ә. Р. Тенишев, Г. Г. Фитрат, Н. Маллаев, Ә. Фазылов, И. Остонакулов, Х. Сафарова және Н. Хажиева сынды түркітанушылар өздерінің ғылыми зерттеу еңбектерінде шығарманың әртүрлі көркем және тілдік ерекшеліктерін жан-жақты талдады [18, 183 б]. Сонымен қатар, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, Н. Сағындықов, Т. Қыдыр секілді қазақ ғалымдары да Рабғузидің мұрасын әдеби және лингвистикалық тұрғыдан терең зерттеуге өз үлестерін қосты. Әсіресе, әдебиеттанушы А. Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1988 ж.) атты еңбегінде шығарма көркемдік жағынан егжей-тегжейлі зерделенгені ерекше атап өтіледі [16]. Осы

зерттеулер арқылы Рабғузи шығармаларының әдеби-танымдық әлеуеті айқындалып, түркі руханиятындағы орны нақты айқындалды.

Соңғы жылдары бауырлас түркі тілдес ғалымдардың Рабғузидің мұрасын ұлттық дүниетаным контекстінде қайта қарастыруға бағытталған зерттеу жұмыстары айтарлықтай өркендеп келеді. И. Остонакулов, Х. Сафарова және Н. Хажиева секілді жас зерттеушілер осы салада кандидаттық диссертациялар дайындап, шығарманың ұлттық мәдени мұрадағы орнын тереңірек ашуға үлес қосуда.

Рабғузи–шығарма авторының лақап аты ретінде танымал, ол Раббат Оғыз атты елді мекенде өмір сүрген, әділ қазы және ғұлама дін ғұламасы Насируддин Бұрхануддиннің ұрпағы болған. Дегенмен, оның өмір сүру кезеңі мен басқа да жазбаша еңбектері жөніндегі нақты деректер толық сақталмаған. Тек туындының басында келтірілген «...бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (Сатараллаһу ’әйбиһи уә нәууәра қалбәһу)» деген жазба автордың толық аты–Насируддин Бұрхануддин Рабғузи екендігін, сондай-ақ оның Рабат оғызының қазысы болғанын дәлелдейді. Шығарма соңында «Қожамыз раббани ілімдердің ғалымы, дін ілімінің білгір ұстазы, мәселелерді шешуші, ғажайыптардың кілті, имамдардың имамы, шарифаттың сүйеніші, хас пен тобырдың қарайтын қайнар бұлағы, халал мен харамды ажыратып беруші–Насируддин Рабғузи» деген жолдар арқылы, Рабғузидің өз заманында жоғары беделге ие болған оқымыстылардың бірі екендігі айқындалған. Егер Рабғузи терең білімді дін ғұламасы болмаған болса, сол заманның билеушілері оған пайғамбарлар тарихын жазуды тапсырмас еді және оның өзі мұндай ауыр еңбекке батылдық танытпас еді.

Еуропалық түркітанушы А. Бомбачидің пікірінше, Рабғузи–дарынды филологтар даярлайтын сол кездегі атақты Nusamad-Din медресесінде үздік оқыған ғалым. Ол араб, парсы және түркі тілдерін еркін меңгерген және еңбектерін осы тілдерде жазған. Дегенмен, оның біздің заманға дейін сақталып қалған жалғыз туындысы–«Қисас-ул анбийа» ескерткіші болып табылады [17, 27 б.]. Бұл дерек Рабғузидің жан-жақты білімді, көптілді тұлға болғанын және оның басты еңбегінің ғана сақталып, бізге жетуі түркі әдебиетінің ортағасырлық мұрасын зерделеуде үлкен тарихи маңызға ие екенін көрсетеді.

Араб тіліндегі «Қисас ул анбийа» кітабы–Алла сүйіктілерінің өмір оқиғалары мен дін-шарифат мәселелерін баяндайтын туынды, оның атауы «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Орта ғасырларда шығарма әртүрлі тілдерде көптеген нұсқаларға ие болып, олардың бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленуі оқу мен түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті, XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек шығарма нұсқаларының араб, парсы, түркі және басқа да тілдердегі өзгерістерін біртұтас жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырды. Шығарма авторы өз еңбегінің алғы сөзінде былай дейді: «Пайғамбарлар туралы хикаялардың бірі араб тілінде, бірі парсы тілінде бізге әртүрлі дәрежеде жетіп отыр. Бірінің

басы мен аяғы толық емес, ал кейбіреулері толық жазылмаған. Солардың барлығын бір ізге түсіріп, өзімізге түсінікті тілде жазып беруді сұрады. Мен құрметті бектің өтінішін қабыл алдым» [17, 9 б.]. Автордың бұл мәлімдемесі оның шығарманы діни білімді жүйелеу және халыққа қолжетімді ету мақсатында жазғанын аңғартады. Бұл ұстаным шығарманың танымдық әрі ағартушылық сипатқа ие екенін дәлелдейді.

Осы өтінішті орындаған Рабғузи былай жалғастырады: «Жанымды құдайға тапсырып, тәңірден медет тілеп, осы кітапты бастадым. Алдыма қойған мақсатым–пайғамбарлар тарихын баяндау. Алла мейірімділердің мейірімдісі» [17, 14-15 б.]. Рабғузидің бұл сөздері оның шығарманы жазудағы шынайы діни сенімі мен жауапкершілігін көрсетеді. Сонымен бірге, бұл туындының рухани терең мазмұнмен өрілгенін аңғартады.

Ежелгі дәуір ғұламалары өз шығармаларының кіріспесінде осыған ұқсас, үлкен еңбектерді аяқтауға Алладан медет сұрап, оның қолдауын тілейтін сөздерді жиі кездестіреді. Әрбір ауқымды тарау аяқталған сайын, олар Тәңірге шүкіршілік айтып, құлшылық етеді. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикматынан», Ахмат Йүгінекидің «һибат-ул хақайиғынан» және Сүлеймен Бақырғанидің «Ақырзаман кітабынан» осындай ескертпелерді табуға болады.

«Рабғузи қиссасы» негізінен ірі қиссалардан құралған; әрбір қисса белгілі бір пайғамбардың өмір оқиғаларын баяндайды. Шығарманың соңғы бөлімінде Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли және Хасан мен Хусейннің соңғы өмірі сипатталатын қиссалар да бар. Әр қиссада сол пайғамбардың өміріне қатысты қызықты тәмсілдер мен мысалдар қысқа хикаялар арқылы толықтырылып отырады. Сонымен қатар, шығармада пайда, андату, риуаят және сұрақ-жауап форматындағы қысқа әңгімелер де орын алады.

«Рабғузи қиссасының» идеялық бағыты мен тематикасы негізінен діни сипатта болғанымен, шығармада автордың қосқан аңыз-эпсаналары мен хикаялары оның мазмұнын одан әрі байыта түседі.

XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштері арасында Рабғузидің «Қисас-ул анбийа» атты кітабы ерекше орын алады. Бұл шығармада Алла сүйіктілерінің өмір оқиғалары мен дін-шариғат мәселелері баяндалып, туынды атауы «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Орта ғасырлық дәстүрге сәйкес, Рабғузи аталған шығармасын көне түркі тілінде аса шеберлікпен жазып, оны Тоқбуға бекке сыйға ұсынған. Бұл оқиға хижра жыл санағы бойынша 709-710 жылдары, яғни біздің жыл санауымыз бойынша шамамен 1310 жылы орын алған. Сол кезден бастап еңбек бүкіл түркі халықтарының рухани қазынасына айналып, ерекше маңызға ие болды.

Тоқбуға бек–өз заманының әділ, әдебиет пен ғылымға жанашыр қайраткері ретінде белгілі болған. Рабғузи оның осы тұлғасына үлкен құрметпен: «Біздің басшымыз әміршілердің ең мықтысы, ғалымдардың ең сүйіктісі, жаны таза, қайырымды, тегі–монғол, діні–мұсылман, ақылы–теңіз» деп сипаттайды [17]. Автордың әміршіге мұндай сипаттама беруі сол дәуірдегі

билік пен әдебиет арасындағы рухани және идеологиялық байланыстың тереңдігін көрсетеді.

Ғұлама Рабғузи өз еңбегінің сәтті боларына сеніп, шығармасын тек «Қисас-и Рабғузи» деп атады. Еңбегінің кіріспесінде ол былай деп жазады: «Бұл кітапты іздеген әрбір адам оны тез тауып, естіген сәтте-ақ оның мазмұнын ұғына алатындай болсын» [17, 2 б.]. Шынында, қаншама ғасыр өтсе де, түркі тіліндегі басқа да мәтіндер «Қисас-и Рабғузимен» салыстырғанда сол деңгейде кеңінен таралмаған.

Сонымен қатар, шығарманың әртүрлі нұсқаларына байланысты ғалым А. Қыраубаева былай дейді: «Рабғузи өз кітабына «Қиссас-и Рабғузи» деп ат қойдым» деп айқын көрсетеді. Кейбір басылымдарда туынды «Қисас Рабғузи», кейбіреулерінде «Қисас-үл әнбия Рабғузи» немесе көбінесе «Қиссас-үл әнбия» деп аталып, шын аты «Рабғузи қиссалары» болғаны, кейінірек «Пайғамбарлар қиссалары» деп өзгертілгені байқалады. Бұл атау өзгерістері діндарлар арасында кітаптың діни аспектісін баса көрсету мақсатында туындаған [16, 56 б.]. Атаудың осылайша өзгеруі шығарманың мазмұндық бағытына қоғамдық сұраныс тұрғысынан бейімделіп отырғанын көрсетеді және оның діни танымдық сипаттағы беделін арттыруға қызмет еткен.

Рабғузи өз еңбегін жүйеге түсіру мақсатында араб, парсы нұсқаларын тікелей дереккөз ретінде пайдаланып, қолда бар бірқатар авторлардың аттарын және кейде кітап атауларын да келтіріп отырады. Мысалы, ол Әбу Исхак Нишабуридың («Қисас-уланбийа»), Шейх Хүсейн Басарды, Мұхаммед пайғамбардың Аббас атты бабасының баласы әрі ғалым болған Абдолла бин Аббасты, араб тарихшысы Вахб ибн Мунаббих Мужаһидті (823-ж.қб.) [19, 176 б.] және танымал хадис жинаушыны [20, 225 б.] атап өткен. Рабғузидің қолында болған дереккөздерді мұқият таңдап, іріктеу—оның ең басты және қиын міндеттерінің бірі болған. Осыған байланысты, Рабғузидің өз атына жазылған кіріспесіне сүйене отырып, бұл еңбек сол кездегі құнды деректерге негізделіп жазылған бірегей жинақ ретінде бағаланады.

Сонымен қатар, «Рабғузи қиссалары» Құран түсіндірмелеріне негізделіп құрылған және туынды құрамына Құран үзінділеріне тікелей жасалған сілтемелер мен діни әдебиет материалдары да қосылған. Нәтижесінде, «Қисас-ул анбийа» ислам дінінің негіздерін халыққа түсінікті тілмен жеткізіп, оның рухани мазмұнын тереңдетуге зор үлес қосты.

Белгілі түркітанушы С. Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде Рабғузидің өз жанынан шыққан өлең жолдарынан үзінді беріледі. «Кітап соңы» деп аталатын осы үзіндіде Рабғузи өз еңбегін жазу барысындағы қажырлы еңбегінің сөз болып, Тоқбуға бектің есімін мәңгілік тарихқа енгізу ниетімен жазылғанын айтады. Бұл үзінді автордың шығармашылық еңбегінің мәні мен оның тарихи маңыздылығын ашып көрсетеді, себебі ол Тоқбуға бектің атағын ұрпақтарға мәңгі сақтап қалу мақсатына ерекше көңіл бөлгендігін дәлелдейді:

Вот, я закончил эту книгу, о друзья и благородные мужи!

В течение года прошли его (т.е. этого года) лето, зима, весна и осень!

Я возвысил мысль (вознесся мыслью)! Я сам запел песню и нанизывал слова по ночам!

Утром я вставал и приготавливал (для письма) перо и трудился ночь и день!

Я вырастил сад из деревьев и кустарниковой растительности, из зеленых листьев и ярких цветов!

Плоды его (т.е. моего сада) мудрые (изречения) и литературные образцы. (Еще): звезды стихов (Корона) и известий (о пророках). Кровь я высушил и создал души. Я вывел шахту и откопал драгоценные камни!

Я рассыпал чистое червонное золото и украсил им лицо земли!

Девушку моей мечты я воспитывал за занавеской, как «зеницу ока» (как пуговку).

Я скрывал (ее) от всех. Пусть не коснутся до нее чужие глаза!

Ее красота достигла совершенства! Ежедневно прославляясь, была в глаза и в уши (ее красота)!

Я одел ее в разные товары: румские, китайские, в атлас.

Умный человек (умный Ирана?) полюбил ее и дал за нее много приданного!

Она осталась (это моя книга) завершенной и с печатью! А впереди ее изображение (свадебного?) знамени (покрывала)!

Я написал и представил в честь Насиру-дина Токбуга бега! [17,339 б.].

Рабғузи өзінің өмірінің соңғы кезеңінде «Қисас-ул анбийя» шығармасын аяқтаған. Ғалымдардың пікірінше, оның қайтыс болған жылы осы еңбекті жазу мерзіміне сәйкес келеді, яғни хижри жыл санағы бойынша 710 (біздің жыл санауымызбен 1310) жылы деп есептеледі.

Жазушы ғалым М. Мағауин осы кезеңдегі тарихи оқиғалардың, қоғамдық-әлеуметтік құрылымның жалпы түркілік табиғаты мен оның қазақ әдебиетіне тән ерекшеліктерін былайша атап көрсетеді: «V-XIV ғасырларда туыстас түркі тайпалары әлі айқын ұлттық жікке бөлінбеген еді. Әр түрлі тарихи, саяси және қоғамдық жағдайлардың ықпалында туыстас рулар бірде өзара қосылып, бірде қайта ыдырап, сапырылыса көшіп жүрді. Міне, осы жағдайлар әдеби шығармалардың мазмұнына, тіл ерекшелігіне әсерін тигізіп отырған жоқ емес. ... Сондықтан орта ғасырлардан қалған түркі ескерткіштері қазіргі қазақ, өзбек, татар, қырғыз, ноғай, түрікмен және басқа да туыстас халықтардың ортақ әдеби мұрасы болып саналады, әрі олардың әдебиетінің бастамасы деп есептеледі» [20, 6 б.]. Осы тұрғыдан, Рабғузидің қиссаларын, соның ішінде «Жүсіп Сыддық» қиссасын орта ғасыр әдебиетінің көрнекті туындысы ретінде бағалаймыз.

Тарихшылардың пікірінше, Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі— Берке хан (1257–1266 ж.) мен Өзбек ханның (1312–1342 ж.) билік еткен кезеңі болды. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекет орталықтарының мәдени дамуына ықпал етіп, Батый мен Берке хан салдырған сарайларға бұлғардан, Үргеніштен, Бұхарадан, Керчьтен, сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалардан колөнершілер, суретшілер, ғалымдар мен

ақындар жиналып, бай мазмұнды әдебиеттің қалыптасуына ұйытқы болды. Олар ислам дінінің адамгершілік пен имандылық рухын әр қырынан насихаттап, сол арқылы ортағасырлық мемлекет мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосты. Нәтижесінде, бұл мемлекет XIII ғасырдың ортасынан бастап XIV ғасырдың соңына дейін өмір сүріп, өз заманының рухани-мәдени орталығы ретінде елеулі маңызға ие болды.

Осылайша, М. Мағауиннің айтқанындай, орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар тек өз дәуірінің мәдениеті мен әдебиетіне ғана әсер етіп қоймай, кейінгі ғасырларда қалыптасқан ұлттық әдеби мұраның негізін де құрап отырған. Бұл контексте Рабғузидің «Қисас-ул анбийя» және оның ішіндегі «Жүсіп Сыддық» қиссасы ортағасырлық түркі әдебиетінің ажырамас бөлігі ретінде өз орнын сақтап, бүгінгі күннің де ғылыми зерттеу нысаны болып табылады.

Қиссаның тілі «Рабғузи қиссаларының» тілі туралы әдебиетші, тілші ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар айтылғанымен, осы ескерткіштің толық жан-жақты зерттелгені туралы әлі де толық мәлімет жоқ.

Б. Кенжебаевтың пікірінше, «Қисса әнбия»—XIII–XIV ғасырларда жазылған жинақ, ол Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелгі түріктер—жергілікті ру-ұлыстар мен халықтар тіліне билік еткен араб тілінің кеңінен араласқан дәуірінде, кейін шағатай тілі деп аталатын ортақ әдеби тілдің қалыптасқан кезеңінде жасалған әдеби нұсқа болып есептеледі [21, 21 б.]. Бұл пікір арқылы шығарма тек діни мазмұнымен емес, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан да құнды дереккөз ретінде бағаланады.

Профессор Х. Сүйіншәлиев шығарманың тілін былай сипаттайды:

«Шығарма тілі біркелкі емес—оның түсінік сөздерінде көп араб сөзі қолданылса, өлең жолдары толықтай шағатай тілінде баяндалған. Негізінен шығарма қазіргі өзбек, қазақ, ұйғыр және басқа да түркі халықтарына ортақ түсінікті болған шағатай әдеби тілінде жазылған» [22, 168 б.]. Алайда, «шағатай тілі» терминін қолдану біржақты емес. Экман және А. Н. Самойлович секілді ғалымдар шағатай тілін үш кезеңге бөлуді ұсынады:

1. Шағатай тілінің алғашқы дәуірі немесе Науаиге дейінгі кезең (XV ғасырдың екінші жартысы), мұнда Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф Амири, Сакаки секілді жазушылар шығармашылық тербеген.

2. Шағатай тілінің классикалық дәуірі (XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысы), мұнда Науаи, Хусеин Байқара, Хамиди, Мухаммед Салих, Шейбани сынды ақындар жазған.

3. Классикалық дәуірден кейінгі әдеби тіл дәуірі (XVI ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың аяғына дейін)—осы кезеңде орта түркі әдеби тілінің тұтастығы ыдырап, жеке ұлт тілдері айқындала түсті, ал XVII ғасырларда ескі өзбек тіліне жалғасқан шағатай тілі қазіргі өзбек тілінің негізіне айналды.

Ғалымдардың бір тобы бұл ескерткіштің оғыз-қыпшақ тілінде жазылғанын да мәлімдейді.

Мысалы, Н. Келімбетов былай деп пайымдайды: «Бұл мемлекет халқының басым көпшілігі түркі текті ру-тайпалар–әсіресе қыпшақтар мен оғыздар– болғандықтан, Алтын Орданың әдеби тілі қыпшақ-оғыз диалектісіндегі орта ғасырлық түркі жазба тілі еді, ол барлық түркі тайпалары мен халықтарына бірдей түсінікті болған» [23, 197 б.]. Осы тұрғыдан қарағанда, шығарманың тілі түркі дүниесінің ортақ мәдени кеңістігін қалыптастыруға ықпал еткен маңызды факторлардың бірі болғаны аңғарылады.

Сонымен қатар, Р. Чақырдың ғылыми зерттеуінде Қ. Ясауидің «Диуани хикметі» еңбегі «Қисас-ул анбийя» Бакудегі Әзербайжан Ғылым академиясының жазба үлгілерімен тілдік тұрғыдан салыстырылып, Қожа Ахмет Ясауи мен Рабғузидің қолданған тілі Шығыс Қарахан әдебиетінің дәстүрлерін сақтап, аралас оғыз-қыпшақ тілінде жазылғаны айқын көрсетілген [24, 24 б.]. Бұл салыстырмалы зерттеу «Қисас-ул анбия» тілінің тарихи әдеби дәстүрлермен сабақтастығын дәлелдеп, оны түркі әдеби тілінің эволюциясын зерттеуде маңызды дерек ретінде қарастыруға негіз береді.

Бұл пікірлер өз алдына логикалық тұрғыдан тұжырымдалып, белгілі бір негізге ие болса да, нақтылауды қажет етеді. Қазіргі уақытта кез келген жазба ескерткіштің тілі туралы айту үшін фоно-морфологиялық және лексика-семантикалық зерттеулер жүргізіліп, әрбір сөз бүгінгі тірі тілдік деректермен салыстырылып зерделенуі керек. Сонымен қатар, ескерткіштердің дүниеге келген уақыты мен ортасы да тілдің интралингвистикалық факторларымен қатар экстралингвистикалық жағдайларға да тікелей әсер етеді. «Рабғузи қиссалары»– Алтын Орданың мұрасы, бұл кезеңдегі шығармалар аралас тілді болып, не оғыз тілінің, не қыпшақ тілінің негізінде жазылғанымен, ортақ әдеби дәстүрге негізделген. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің барлығына ортақ, әртүрлі ру-тайпалардың бәріне түсінікті ортақ әдеби тіл қалыптасқанын да ескеруге болады. Белгілі поляк ғалымы Зайончковский «В XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» деген пікірімен осы ұғымды дәлелдеді [25, 10-14]. Осы ғылыми пайымдаулар түркі әдебиетінің дамуын тұтастықпен зерделеу қажеттігін көрсетіп, жазба мұралардың тілін зерттеуде кешенді тәсіл қолданудың өзектілігін айқындайды.

Ә.Құрышжанов пен А. Ибатовтың пайымдауынша, XI–XVI ғасырларда түркі тайпаларына ортақ орта түркілік жазба әдеби тілі қалыптасқан. Бұл ортағасырлық әдеби тіл тек Орта Азия аймағымен шектелмей, қазіргі Қазақстанның барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтары, сондай-ақ Европа жеріндегі «Дешті-и Қыпшақ» пен Қырым халықтары, тіпті Мәмлүк қыпшақтары, сонымен қатар Мысыр мен Шам аймақтарындағы жазба ескерткіштердің барлығын қамтитын ортақ әдеби тіл ретінде қызмет еткен [26]. Осылайша, орта ғасырларда оғыз және қыпшақ элементтері араласқан орта түркі әдеби тілі қалыптасты. Бұл әдеби тілдің оғыз және қыпшақ нұсқалары қатар дамып, әртүрлі кезеңдерде әртүрлі деңгейде көрініс тапты. Алайда, осы дәуірде қыпшақ нұсқасының үстемдікке ие болуы қыпшақ

тайпаларының тарихтағы гегемондық рөлімен тығыз байланысты болды. IX–X ғасырларда тарих сахнасында оғыз тайпаларының айтарлықтай рөлі болды; олар Солтүстік Каспий маңы, Сырдарияның төменгі ағысы және Арал теңізі маңын өз бақылауына алған. Бірақ, XI ғасырда қыпшақ тайпаларының күшеюі мен билікке келуі оғыздарды ықпалынан айыра отырып, басқа тайпалардың қыпшақ одағына енуіне және ортақ қыпшақ тілін қолдануға мәжбүр етті.

С. Г. Агаджанов былай дейді: «X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында Сырдария бойындағы ябғу мемлекетінің аясында оғыздардың біртектілігінің қарқынды процесі жүрді. Бұл процесс ескі ру-тайпалық байланыстардың ыдырауы, жаңа аумақтық-шаруашылық бірлестіктердің құрылуы және ерте феодалдық қатынастардың орнығуымен тікелей байланысты болды. Алайда, XI ғасырдың ортасына қарай оғыз мемлекетінің құлауы және қыпшақтардың үстемдікке енуі бұл үрдісті тоқтатты» [27]. Сөйтіп, оғыз этносының біртұтас қалыптасу үдерісі Сырдария бойындағы саяси өзгерістер мен қыпшақтардың билікке келуі нәтижесінде үзіліске ұшырады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Н. Сағындықов аудармасы бойынша «Рабғұзи қиссасынан» жекелеген үзінділер «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты хрестоматияға енгізіліп, Р. Мұқанованың аудармасы «Қисса-сул-Әнбия-и Адам-атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін» деген атпен жарияланды. Баспа бетінде жарық көрген Рабғұзи қиссаларының мазмұны мен көлеміне нұқсан келіп, олардың тілі де өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Ғалым А. Қыраубаеваның айтуынша, «Рабғұзи қиссаларының кейбір нұсқаларында мазмұны, әсіресе тілі өзгерістерге ұшыраған. Кейбір қиссалар қысқартылып, татар тілінің ықпалына ұшыраған. Мысалы, «Қисса Жүсіп» 1856 және 1873 жылғы басылымдарында 78 бет болса, 1899, 1910 және 1915 жылдарындағы басылымдарында сәйкесінше 71 бетке, ал 1915 жылғы басылымда тіпті 58 бетке дейін қысқартылған» [28, 56 б.]. Осылайша, «Рабғұзи қиссаларының» кейінгі басылымдарында мәтін көлемінің қысқаруы мен тілдік өзгерістер оның түпнұсқалық сипатын жоғалта бастағанын көрсетеді.

Рабғұзи қиссаларының өзгеріске ұшырауының бірнеше негізгі себебі бар:

1. Аудармашылардың толықтырулары мен түзетулері.

Мысалы, 1903 жылы жарық көрген «Қисса-сүл-әнбийяи» аудармасының алғы сөзінде келесі ескертпе беріледі: «Қисса-сүл-әнбийяи» кітабы Рабғұзи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Бұл аудармада кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне сүйеніп, екі тәпсірде болмаған бөліктерді «Нәзһәтүл-Мүжәліс» кітабынан алып, сонымен қатар «Һарут уа Марут» және «Дәуіт алайһиссалам» қиссаларын моңғол тілінен тәржімалап, мүмкіндігінше толықтыруға тырыстық [29, 4 б.]. Осы дерек аудармашылардың өз тарапынан енгізген түзетулер мен толықтырулардың айқын дәлелі болып табылады.

2. Кітап басушылар тарапынан жасалған түзетулер.

Ислам дінінің ықпалын күшейту және шарият заңдары мен әдет-ғұрыптарын баса көрсету мақсатында, кітап басушылар өздерінің идеологиялық көзқарастары аясында қиссалардың мазмұнына өзгерістер енгізді. Белгілі ғалым А. Қыраубаева бұл туралы былай деп айтады: «Мұндай рухтағы кітап басушылар шығармалардың діни жағын баса көрсетуге, қажет болса, жалпы мазмұнын да өздерінің түсінігіне сай бұра тартуға тырысты» [16, 56 б.]. Демек, кейінгі басылымдарда орын алған мазмұндық және тілдік өзгерістер тек техникалық редакциялау емес, діни-идеологиялық ұстанымдармен ұштасқан мақсатты өңдеулер нәтижесі болған.

Кесте 2 - Рабғузи қиссаларының өзгеріске ұшырау себептері

| Себеп                                                         | Түсініктеме                                                                                                                                                                                                | Дереккөздер мен авторлар                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тәржімалаушылар тарапынан жасалған толықтырулар мен түзетулер | Қиссаға енбей қалған пайғамбарлар тарихы мен кейбір қиссалар қосылған, соның ішінде “Һарут уа Марут” және “Дәуіт алайһиссалам” қиссалары тәржімаланған. Бұл толықтырулар өз тарапынан өзгерістер енгізген. | 1903 жылы жарық көрген “Қисса-сүл-әнбийяи” аудармасының алғы сөзі.                                          |
| Ислам дінінің әсерін күшейту мақсатымен жасалған түзетулер    | Кітап басушылар шарият заңдарын және әдет-ғұрыптарын баса көрсету мақсатымен қиссалардың діни жағын күшейтті.                                                                                              | А. Қыраубаева: “Мұндай рухтағы кітап басушылар шығармалардың діни жағын баса көрсетуге тырысты” деп жазған. |

Осылайша, Рабғузи қиссаларының өзгерістерге ұшырауы аудармашылардың шығарманы толықтыруы мен кітап басушылардың діни көзқарастарын іске асыруы нәтижесінде қалыптасқан.

Кеңестік кезеңде Рабғузи қиссаларының мазмұнына айтарлықтай нұқсан келіп, олардың тілі өзгеріп, көлемі қысқарған және басқа да түрлі редакциялық өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен, Рабғузи шығармаларының қолжазбалары сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Ең көне қолжазба Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақталып, XV ғасырда жазылған және қазіргі ғылымға ең толық әрі көне нұсқа ретінде танылды. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы:

Санкт-Петербургтағы М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталады [18]. Осылайша, Кеңестік кезеңдегі цензуралық түзетулерге қарамастан, Рабғузи мұрасының түпнұсқалық қолжазбалары шетел архивтерінде сақталып, ғылыми қауымдастыққа құнды дереккөзі ретінде жетіп отыр.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазандағы Шамсуддин Хусаинов пен Ташкенттегі Хасан Арифджанов баспаханаларында бірнеше рет жарық көрген нұсқалар да бар. Осы аталған нұсқалардың ішіндегі ең көнесі және толық сақталғаны—Лондон нұсқасы болып табылады.

Шығыстанушы К. Гренбек 1948 жылы Лондон нұсқасының факсимиле жариялап, бұл салаға зор қозғау салды [30]. Оның негізінде УзССР ФА Х. Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты 1991 жылы мәтінді жариялады, ал 1997 жылы Түркиядағы Ататүрік атындағы Тіл академиясы Рабғузи шығармасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясын шығарып, туындының өзектілігін одан әрі айқындады.

### Кесте 3 - Рабғузи шығармаларының қолжазбалары

| Жазба нұсқасы           | Сақталған орын                                            | Уақыты                               | Қосымша мәліметтер                                                                  |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| Лондон нұсқасы          | Британия музейінің кітапханасы (Лондон)                   | XV ғасыр                             | Ең көне әрі толық сақталған нұсқа. 1948 жылы К.Гренбек факсимиле ретінде жариялады. |
| Санкт-Петербург нұсқасы | М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана (Санкт-Петербург) | XVI ғасыр                            | XVI ғасырда көшірілген, Ресейдегі басты қолжазбалардың бірі.                        |
| Қазан нұсқасы           | Қазан, Шамсуддин Хусаинов баспаханасы                     | XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басы | Қазандағы баспаханадан шыққан бірнеше басылымдардың бірі.                           |
| Ташкент нұсқасы         | Ташкент, Хасан Арифджанов баспаханасы                     | XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басы | Ташкенттегі баспаханаларда да жарық көрген.                                         |
| Қолжазба                | УзССР ФА Х.Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты      | 1991 жыл                             | Лондон нұсқасы негізінде толық мәтін жарияланды.                                    |
| Транскрипция            | Түркия, Ататүрік атындағы Тіл академиясы                  | 1997 жыл                             | Лондон нұсқасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясы жарыққа шықты.             |

Қорыта айтқанда, Рабғузидің «Қисас-ул анбия» жазба ескерткіші Алтын Орда дәуіріндегі ортақ түркі әдеби тіліне тән, негізінен қыпшақ нұсқасында жазылған шығарманың өзегін құрайды. Бұл еңбек қазіргі қазақ, ноғай және қарақалпақ тілдеріне бір табан жақын әдеби мұра ретінде танылып, ортағасырлық діни-философиялық идеялар мен рухани құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы болды.

Белгілі ғалым М. Жолдасбековтың пікірінше, Алтын Орда (XIII–XIV ғғ.) дәуіріндегі әдебиетті «Алтын Орда-Қыпшақ дәуірі» деп атауға болады, өйткені осы кезеңде негізгі әдеби тіл ретінде қыпшақ тілі кеңінен қолданылған [31, 7-8 б]. Демек, Алтын Орда тұсындағы әдебиетке қыпшақ тілі негіз болғандықтан, бұл кезеңді «Алтын Орда-Қыпшақ дәуірі» деп атау тарихи-әдеби тұрғыдан орынды тұжырым болып табылады.

Рабғузидің шығармашылығы, әсіресе «Қисса-сүл әнбия» («Пайғамбарлар тарихы») атты еңбегі, өзінің діни мазмұнымен, философиялық тереңдігімен және көркемдік мәнімен ортағасырлық әдебиеттің маңызды жетістіктерінің бірі ретінде бағаланады. Бұл шығарма пайғамбарлар мен олардың өмір оқиғаларын баяндау арқылы оқырманға адамгершілік, этикалық және діни құндылықтарды жеткізуге бағытталған; әрбір әңгіме Алланың бірлігі мен пайғамбарлардың миссияларын түсінуге, адам баласының рухани жетілуіне шақырады. Осындай тұжырымдар Рабғузидің шығармаларының ортағасырлық түркі әдебиетіндегі орнын және оның қазіргі заман әдеби мұрасының ажырамас бөлігі ретінде маңыздылығын айқын көрсетеді.

### 1.3 Сәйф Сараи шығармаларының зерттелуіне шолу

XIV ғасырдағы Алтын Орда кезеңінің әдебиеті түркі халықтарының рухани-мәдени мұрасында айрықша орын алады. Сол дәуірде шығармашылықпен айналысқан қаламгерлердің ішінде Сәйф Сараи есімі ерекше аталады. Ол— эпикалық жанрдың қалыптасуына зор үлес қосқан көрнекті ақын, әрі гуманист жазушы. Зерттеулерге қарағанда, Сәйф Сараи шамамен 1321 жылы Еділ бойындағы Қамысты қыстағында дүниеге келген. Кейін өмірінің біраз кезеңін Сарай-Бату қаласында өткізген. Ал шығармашылық өмірінің соңғы кезеңі Мысырмен байланысты. Ол 1396 жылы сол елде қайтыс болған деп есептеледі [32, 5 б.]. Осылайша, Сәйф Сараи-Алтын Орда дәуіріндегі әдеби процестің ірі өкілі ретінде танылып, түркі әдебиетінің тарихында гуманистік және эпикалық дәстүрлерді дамытуда маңызды рөл атқарған тұлға болып саналады.

Ақынның «Сәйф Сараи» деген әдеби бүркеншік есімі оның Алтын Орда билігіне және Сарай қаласындағы ортаға қатысты екенін аңғартады. Оның ең көрнекті туындысы—«Жәдігернама» («Түркіше Гүлстан»), XIV ғасырдағы түркі тілінде жазылған ең көне көркем-педагогикалық шығармалардың бірі болып есептеледі. Шығармада автор адамгершілік, ізгілік, діни-этикалық құндылықтар туралы ой толғайды. Бұл-Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетке тән басты сипат.

“Жәдігернама” алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарында Қоқан маңынан табылған. Шығармада ақын Сухайыл мен Гүлдірсін бейнелері арқылы дәуір рухын жеткізеді. Шығарма кіріспесінде Сәйф Сараи туған жерінен еріксіз кетуге мәжбүр болғанын баяндай отырып, отанға деген терең сағынышын былайша жырлайды:

Өсіп отпырағыма найзалар, мен үйден айрылдым,  
Отаннан белгісіз болдым да, өзге жұртқа бұрылдым.  
Қалай аспан жәбір жасады, қандай күнәм бар?!

Құдайым, ойла кім жәбірің, мен елге шынайы ұл едім! [32, 9 б.].

Бұл жолдарда туған жердің қадірі мен қуатты ішкі драматизм терең көрініс тапқан. Автор лирикалық кейіпкерінің отансүйгіштік көңіл күйін

суреттеу арқылы ұлтсыздану мен рухани азғындауға қарсы тұрады. Дегенмен, шығарманың жалпы мазмұны тарихи оқиғалардан гөрі, этикалық-дидактикалық сипатымен ерекшеленеді. Мұнда дін, мораль, адамгершілік, білім, әділет пен жомарттық жайлы ойлар жүйеленеді. Бұл-Алтын Орда дәуірінің әдебиетіне тән гуманистік бағдардың айғағы. Сәйф Сараи шығармаларында сопылық таным мен гуманистік идеялар сабақтасып келеді. Ақын Алланың құлы екенін терең сезініп, пенде ретіндегі әлсіздігін мойындай отырып, кемелдікке ұмтылыс танытады.

Сәйф Сараи өз шығармашылығында өмір жолының әр кезеңінен хабар беретін деректер қалдырған. Оның біраз уақыт Мәуреннахрда, кейінірек Түркияда тұрғаны белгілі. Бұл жайында нақты дәлел ретінде ақынның мына өлең жолдарын келтіруге болады:

Құдайым, мына кәрі міскін құлыңды. Бағышта көрсетіп тура жолыңды [32, 9 б.].

Патшалар рәсімі ғой көңілді шад ету, Қартайса құлдарды азат ету [32, 10 б.].

Бұл шумақтар Сәйф Сараидың өмірінің соңғы кезеңінде-мәмлүктер билік құрған Мысырда жазылғанын айғақтайды.

Ақын Мысырда тұрақтап, шығармашылықпен айналысқан. Бұған дейін де айтылғандай, Алтын Орда мемлекетінің әлсіреп, ыдырай бастаған тұсында Сәйф Сараи Мысырға қоныс аударған. Жоғарыдағы шумақтардан оның өз еліне қайтуды аңсағаны аңғарылады. Ақын бұл өлеңі арқылы билеушіге қарата, отанына оралуға рұқсат сұрағандай әсер қалдырады. Осыдан-ақ, Сәйф Сараидың сарай маңындағы ықпалды тұлғалардың бірі болғанын байқаймыз. Сонымен қатар, замандас қаламгерлерге жазған жыр жолдарынан да Сәйф Сараидың дәуіріндегі беделді ақын болғаны көрінеді. Оның есімі тек әдеби ортада ғана емес, саяси әрі мәдени кеңістікте де кеңінен танылған. Сәйф Сараи қайтыс болған жылдары Мысыр билеушісі Барқұқтың екінші рет (алғашқысы–1382 жылы) таққа отырған кезімен тұспа-тұс келеді. Бұл тарихи дерек те ақын өмірінің хронологиясын нақтылауға септігін тигізеді.

Мысыр-түркі тілді әдебиет тарихында өзіндік орны бар маңызды кезеңдердің бірі. Бұл өңірге келген Сәйф Сараи мен оның тұсындағы қаламгерлердің әдеби мұрасы сол дәуірдің мәдени-рухани келбетін айқындайтын ерекше құбылыс ретінде бағаланады. Дегенмен, Сәйф Сараидан бізге жеткен шығармалар саны көп емес. Қазіргі күнге дейін белгілі болған мұралар қатарына бірнеше ғазалдары, қасидалары, қытғалары мен рубайлары (оның ішінде үш парсы тіліндегі рубайы да бар), сонымен қатар «Сухайыл мен Гүлдірсін» дастаны мен Сағди Ширазидің 1258 жылы жазып бітірген «Гүлістан» шығармасына жасаған түркі тіліндегі көркем аудармасы жатады.

Сәйф Сараи-әдебиетке шынайы берілген, әрі терең эстетикалық талғамы бар сыншыл тұлға. Ол әдебиетті ерекше бір рухани кеңістік деп бағалаған. Ақынның пайымдауынша, жалпы поэзия–бұл гүл жайнаған көркем бақша. Ал сол баққа әртүрлі құстар ұшып келеді: біреуі–бұлбұл, бірі–қарға. Бұлбұл–

табиғи дарын иесі болса, қарға–әуесқой, жәй ғана сөзге ұқсап жүрген жандар. Бұл идея ақынның мына өлеңінде көркем бейнеленген:

Әлем ақындары, ей, гүлзарлы бақша,  
Бірі–бұлбұл еді сөзде, бірі–қарға.  
Бірі тоты секілді татар шекерді,  
Бірі сөзімен өртер айналаны.  
Бірінің сөздері мағыналы, шырын,  
Бірі мадақ пен мақтауға тұрарлық.  
Бірі өзгенің өлеңін менікі дер,  
Бірі халуадай шалғам шөбін жер.  
Бірі мағынаны қойып, сөзін түзетер,  
Бірі ырғақты бұзып, өнерін күзетер.  
Олардың сол бірі Сәйф Сараи,  
Әлем ғаріптерінің аяғының шаңы.  
Оны сен барша ақындардың кішіпейілі біл,  
Қараған жүзге қашанда ғашық деп біл [32,271 б.].

Ақын бұл өлеңінде поэзия әлеміндегі шығармашылық деңгейлерді салыстыру тәсілімен аша отырып, шынайы талант пен жасандылықты өзара қарсы қояды. Бұл өлең Сәйф Сараидың көрнекті әдебиеттанушы, әрі өз заманының беделді сыншысы болғанының айғағы. Оның өлеңге, жалпы сөз өнеріне деген жоғары талаптары шығармашылық үдерісті байыппен бағалаған парасатты қалам иесінің келбетін танытады. Ақын поэзияға адалдықпен қарап, тек көркемдік талаптарға сай жазылған туындыларды ғана бағалаған. Осы ұстанымдары оның өз замандастары арасында ерекше орны бар, рухани беделі биік тұлға болғанын көрсетеді.

Сәйф Сараидың мұндай биік талап қоюы–оның патша сарайында сый-құрметке ие болуына негіз болғаны анық. Өлеңге деген адалдығы мен жауапкершілігі жоғары болған ақынның шығармалар жинағы болғаны күмән туғызбайды. Алайда қазіргі ғылыми айналымда Сәйф Сараидың жеке жыр жинағы толық табылған жоқ. Бұл оның әдеби мұрасын зерттеушілер алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі екендігін көрсетеді.

Сәйф Сараидың өмір жолына қатысты мағлұмат беретін келесі бір өлеңі оның тек өмірбаяндық қыры емес, сонымен қатар әдебиеттегі беделді орнын да нақты сипаттайды:

Қамысты жұрт менің туған елім еді,  
Белгілі ғаріптікке салған білім еді.  
Келіп болдым Сарайда өлеңнің пидайы,  
Сарайдың ақыны, елдің пақыры.

Бұл шумақтың алғашқы тармағында ақын өзінің дүниеге келген жері–Қамысты туралы мәлімет береді. Ғалымдардың пікірі бұл атаудың нақты географиялық орнына байланысты әртүрлі болжамдар ұсынады. Мәселен, филология ғылымдарының кандидаты Насрулли Дауран «Гүлістан бит-түрки» шығармасын баспаға дайындап, өзбек оқырмандарына ұсынған еңбегінде, «Қамысты» атауын Хорезм өлкесіндегі Сарықамыс қыстағымен

байланыстырады. Осы көзқарасты белгілі әдебиеттанушы Н. М. Маллаев та қуаттайды. Демек, ақынның туған жері қазіргі Өзбекстан аумағындағы көне Қамысты мекені болуы ықтимал.

Екінші жолда кездесетін «ғаріптік» сөзі, кейбір зерттеушілер пайымдағандай, әлеуметтік жағынан әлсіз, кедей адамды білдірмейді. Бұл сөз Сәйф Сараидың өмірінде бастан кешкен ілім жолындағы қиындықтар мен шынайы рухани ізденістерді меңзейді. Осыған сәйкес, «білім салған ғаріптік» тіркесі ақынның тек materially емес, рухани жағынан да өзін-өзі тануға және әдебиетке адал қызмет етуге жұмсаған өмір кезеңін білдіреді.

Үшінші және төртінші жолдарда сөзбен ойнау тәсілі—«тәжнис» көркемдік әдісі қолданылған. Мұндағы «Сарай» сөзі екі түрлі мағынада жұмсалып тұр: бірінші мағынада—Алтын Орда мемлекетінің астанасы болған Сарай Берке қаласы меңзелсе, екіншісінде—патшалар тұратын сарай, яғни хан ордасы ұғынылады. Осы тәсіл арқылы ақын өзінің сарайда ақындық қызмет атқарғанын және осы қызметті жан-тәнімен атқарғанын білдіреді. Ол өзіне берілген өнер жолын «пидайы»—яғни «құрбан» ретінде бағалайды. Бұл—ақынның өлеңге деген адалдығы мен құрметінің айғағы.

Төртінші жолдағы «елдің пақыры» тіркесі кей жағдайларда теріс ұғымда—қайыршы, мұқтаж адам ретінде қабылдануы мүмкін. Алайда Сәйф Сараи бұл сөзді өз шығармашылығын ел игілігіне арнаған халықшыл ақын екендігін көрсету үшін қолданған. Демек, ол өзін көпшіліктің мұңын мұңдаушы, сөз арқылы ел мүддесін жеткізуші ретінде танытады. Бұл жерде «пақыр» сөзі—кішіпейілділік пен қарапайымдықтың, өз халқының мұңын жырлаған гуманистік ақындық болмыстың символы ретінде көрінеді. Осы өлең арқылы Сәйф Сараи тек өз өмірінің кейбір тұстарын баяндап қана қоймай, сонымен бірге әдеби ортадағы өз орнын анықтай түседі. Оның ақындық өнерге деген адалдығы, өлеңге құрбан болғаны жайлы бейнелі түрде жеткізуі—шынайы өнер адамына тән асыл қасиет. Сонымен қатар, бұл жолдар Сәйф Сараидың өз заманының әлеуметтік, саяси және мәдени болмысын терең түсінген және сол болмысқа рухани тұрғыда жауап берген ойшыл қаламгер екенін дәлелдейді.

Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» шығармасының жазылу тарихы. Сәйф Сараидың шығармашылық мұрасындағы ең көлемді де көрнекті туындысы —«Гүлістан бит-түрки» болып табылады. Бұл шығарма XIV ғасырдағы түркі әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет пен мәдениеттің биік деңгейін айқындайтын маңызды әдеби жәдігерге айналды. Оның басты ерекшелігі—прозалық және поэзиялық элементтердің ұтымды үйлесуі, түркі тілінің көркемдік мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы ұлттық әдебиеттің шеңберін кеңейтуінде.

«Гүлістан бит-түрки»—Сәйф Сараидың парсы классигі Шайқы Сағдидің әйгілі «Гүлістан» атты туындысын түркі тіліне аударуы негізінде дүниеге келген. Аударма барысында ақын түпнұсқаның құрылымын сақтай отырып, мазмұндық тұрғыдан оны халыққа түсінікті тілде жеткізуге күш салған. Сәйф Сараи бұл еңбегін «түркі тілділерге пайдасы тисін» деген ниетпен жазғанын

кіріспесінде ашық баяндайды. Бұл шығарманың ғылыми орта мен көпшілікке алғаш белгілі болуы 1915 жылмен байланысты. Венгр ғалымы Тори Йозеф сол жылы Түркияда жарық көрген «Ұлттық зерттеулер жинағы» журналында Сағди «Гүлістанының» түркі тіліндегі көне аудармасының Голландияда табылғанын хабарлайды. Арада біраз жыл өткен соң, 1950 жылы Амстердамда өткен халықаралық ғылыми жиын кезінде белгілі түрік зерттеушісі профессор Фаридун Нафиз Үзлүк Лейден университетінің кітапханасынан осы қолжазбаны тауып, фотокөшірмесін алған. Ол 1954 жылы Анкарада қысқаша алғысөзбен бірге қолжазбаның факсимилесін жарыққа шығарады. Фаридун Нафиз Үзлүк бұл қолжазбаның Сәйф Сараи қолымен жазылған түпнұсқа екендігін айтады. Қолжазбаның алғашқы беттерінде парсы және түркі тілдерінде жазылған бірнеше өлеңдер бар, олардың ішінде бірінші төрттік Махмұт Гүлістаниге тиесілі делінеді. Қолжазбаның үшінші бетінде Сәйф есімді адамның бұл аударманы Сарай қаласынан Әмір Тайхасқа сыйға тартқаны айтылады. Төртінші беттен бастап Сағдидің «Гүлістанының» тәржімасы басталады, ал соңғы беттерде Сәйф Сараи өз өлеңдерін қосып, аударма себептерін түсіндіреді. Шығарманың соңғы беттерінде келтірілген 13 бәйіттен тұратын өлеңінде аударма жұмысының һижри 793 жылдың шәууәл айында (1391 жылғы тамызда) аяқталғаны, сондай-ақ бұл кезде ақынның 70 жаста болғаны жазылған.

1955 жылы түрік ғалымы Абдолла Баттал Таймас аталмыш шығарманың тіліне қатысты терең ғылыми мақала жариялады. Ол «Гүлістан бит-түркидің» тілін қыпшақ тіліне жатқызады және бұл туындыда араб-парсы сөздерінен гөрі түркі лексикасының басым қолданылғанын атап өтеді. Сонымен қатар, кейбір сөздердің фонетикалық нұсқаларда әртүрлі берілуі Мысырдағы түркі тілді ру-тайпалардың көптігімен, бірақ әдеби тіл нормаларының тұрақты болмауымен түсіндіріледі. Демек, Сәйф Сараи сол кезеңдегі түркі қауымына түсінікті болуын мақсат ете отырып, барынша қарапайым әрі халыққа жақын сөздерді таңдауға ұмтылған.

Шығарманың құрылымы түпнұсқа «Гүлістанмен» бірдей–сегіз баптан тұрады. Бұл бөлімдер мазмұндық тұрғыдан да, атаулары жағынан да Сағдидің шығармасына ұқсас, бұл Сәйф Сараидың мәтінге деген адалдығы мен дәлдікке ұмтылысын көрсетеді. Алайда ол жалаң сөзбе-сөз аудармамен шектелмей, әр бөлімнің мазмұнын халыққа түсінікті, көркем тілде беруге тырысқан. Сонымен қатар, Сәйф Сараи әр бөлімнің соңына кейде өз тарапынан өлеңдер мен насихаттар қосып, авторлық үлесін айқын танытқан.

Сәйф Сараидың шығарманы жазуға қандай себептермен кіріскенін өзі былайша сипаттайды: «Жылы жаз күндерінің бір күні бостан ішінде, гүлдер арасында бірнеше құрметті ғалымдармен отырып, жазу ілімінен сөз қозғап, ғажайып бәйіттер мен әдемі өлеңдер оқып едім. Сол ғалымдардың ұлығы аруз ілімінен бір мүшкіл бәйіттің мәнісін сұрады. Дереу жауабын есітіп айтты: «Ей, мықты әдебиетші, саған лайық бір насихатым бар, қабыл алсаң, жақсы болар». Айттым: «Айтыңыз». Айтты: «Шайқы Сағдидың ‘Гүлістанын’ түркі тіліне тәржімаласаң, бір ел иесі ер атына, өлең жәдігерің жаһанда қалсын», – деп. Сол

әзіз жанның киелі ұсынысын қабылдап: «...бірақ оның терең мағыналарына қуатым әлсіз», - дедім. Мен тағы Тәңірге тәуекел етіп, соңына жетсін деп, жігер белдігін белге байлап, бастадым...» [33,170 б.]. Бұл жолдардан Сәйф Сараидың әдебиеттегі орны мен беделі айқын аңғарылады. Ол тек ақын және жазушы ғана емес, сонымен бірге аса дарынды аудармашы болған. Оның «Гүлістан бит-түркіі»—хикаялар, ғибратты оқиғалар, қиса-дастандар мен фәрдтардан құралған, көркемдік жағынан терең, мазмұны бай туынды. Сонымен қатар, Сәйф Сараи өз заманының көркемдік эстетикасын, этикалық танымын түркі оқырманына тиімді жеткізе алды. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби кеңістіктің кемелденуі де бұл шығарманың дүниеге келуіне әсер етті. Ол кезеңде түркі тіліндегі әдебиетке деген сұраныс артқан, әдеби тілді дамыту мен тұрақтандыру мәселесі өзекті болған. Осы ретте «Гүлістан бит-түркіі» тілдік және әдеби көркемдік үлгісі ретінде ғана емес, сондай-ақ лексикологиялық, морфологиялық, стилистикалық тұрғыдан да құнды мұра.

Айта кету керек, Сағдидің «Гүлістаны» кейінгі кезеңдерде де бірнеше рет түркі тіліне тәржімаланған. Мысалы, XIX ғасырда Ағани, ал 1909 жылы молда Мұратқожа оны қайта тәржімалап, баспадан шығарған. Алайда Сәйф Сараи жасаған аударма-бұл шығарманың түркі дүниесіне алғаш кең көлемде таралған, көркемдік және ұлттық сипат алған тұңғыш үлгісі болды. «Гүлістан бит-түркіі» тәржімасының көркемдік ерекшеліктері.

Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түркіі» шығармасы-шығыстың классикалық әдеби мұрасының бірі-Сағди Ширазидің «Гүлістан» кітабының түркі тіліндегі көркем аудармасы ғана емес, сонымен қатар авторлық ұстанымы мен тарихи-мәдени кеңістіктегі ұлттық болмысты танытатын ерекше көркем туынды. Сағдидің «Гүлістан» шығармасы мазмұны жағынан Аллаға мадақ, Шираз билеушісі Мұзаффариддин ибн Зәңгі ибн Сағд ибн Әбу Бәкірге арналған мадақ сөздер, кітаптың жазылу себебі, әрі қызметі уәзір дәрежесінде болған, кейіннен өз еркімен шеттелген тұлғаның себептері жайлы кіріспе бөліктерден құралған. Сәйф Сараи бұл құрылымдық жүйені толық сақтамай, белгілі бір өзгерістер енгізеді. Ол өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жағдайлар мен Алтын Орда мемлекетінің тарихи-мәдени ахуалын ескере отырып, шығарманың кіріспесін түркі оқырманына ыңғайлы етіп қайта түзеді.

Аударманың алғы сөзінде Сәйф Сараи «Гүлістанды» не себепті тәржімалағаны жөнінде кеңінен мәлімет береді. Автор жаз күндерінің бірінде ғалымдармен бірге отырып, әдебиет жайында әңгімелесіп отырған сәтте бір оқымыстының ұсынысымен Сағдидің «Гүлістанын» түркі тіліне аударуға ниеттенгенін баяндайды. Ол: «Шайхы Сағди Гүлістанын түркі тіліне тәржімаласаң, бір ел иесі ер атына, өлең жәдігерің жаһанда қалсын» деген ұсынысты қабыл алып, өзінің бар жігерімен іске кіріскенін жазады [34,170 б.]. Сәйф Сараи бұл еңбекті тәржімалауға түркі әдебиетінде мәңгілік мұра қалдыру мақсатында бел буғанын аңғартады.

Сәйф Сараи шығарманың басында Сағдидің түпнұсқалық құрылымынан ауытқып, алпыс жолдан тұратын мәснәуи жазады. Бұл өлең мазмұндық тұрғыда қасида жанрына ұқсап, «Гүлістан» кітабының маңыздылығы мен

ерекшеліктерін баяндайды. Ақын бұл шығарманың мазмұнын «қызықты хикаялар бағы» мен «насихаттарға толы гүлістан» ретінде сипаттайды. Мәснәуидің бір бөлігінде дүниеден озған ізгі патшалардың атын тек қайырымдылық пен адамгершілік қасиеттері арқылы қалдырғанын, ал байлықтың өткінші екендігін насихаттайды:

Қайыр етіп болған белгілі патшалар,  
Кетті тастар әрбірі бір жәдігер.  
Ізгі аты қалса ердің жақсырақ,  
Соңынан қалғанша тола алтын, байлық...  
Бұл сипатты ер бүгін жақсылығы көп,  
Мысыр ішіне бар бір ғаріп әмір [32, 171 б.].

Мұнан соң Сәйф Сараи Мысырдың Мәмлүктер сұлтаны Тайхасбекке мадақ айтып, оны қайырымдылық пен парасаттың иесі ретінде сипаттайды. Сол арқылы шығармаға билік өкіліне бағыштау дәстүрін сақтап, оған арнап кітабын тарту етеді. Бұл дәстүр-шығыс поэзиясында кең таралған құбылыс. Мәселен, Сағдидің «Гүлістаны» да өз дәуірінде билеушілерге арналса, кейінгі түрік тілді нұсқаларында да бұл үрдіс жалғасын тапқан. 1430 жылы Қазы аударған «Гүлістан» Түркия сұлтаны Мұрат II-ге тарту етілген [35,253 б.]. Сәйф Сараи да өз дәуірінің әдеби дәстүрін ұстана отырып, шығармасын билік иесіне бағыштап, оны рухани қолдаушы ретінде бейнелейді.

Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түркіі»—жай ғана аударма емес, автордың әдеби-эстетикалық талғамын, түркі тілінің бейнелеу мүмкіндіктерін толық танытқан туынды. Ол Сағдидің түпнұсқасын сөзбе-сөз тәржімалаудан бас тартып, өз дәуірі мен түркі әлемінің мәдени талаптарына сай өзгертулер енгізіп отырған. Бұл ерекшелікті шығарманың мазмұндық тұтастығы мен стилінен анық байқауға болады. Сәйф Сараидың аудармашылық ұстанымы оның көркем тілді меңгерген ақын ретіндегі ерекшелігін де айқындайды. Мысал ретінде, «Гүлістан» шығармасының бірінші бабында берілген хикаяны қарастырайық. Мұнда сұлтан тұтқынның не дегенін сұрағанда, Сағди нұсқасында уәзір Құран Кәрімнен Әл-Имран сүресінің 134-аятын келтіреді: «Жұмақ–ашуды жұтып, адамдардың күнәларын кешіретіндер үшін». Алайда, Сәйф Сараи бұл аятты тікелей бермей, оның орнына: «Сұлтанның өмірі ұзақ болсын!» деген жалпыхалықтық, түсінікті тілмен жеткізілген мазмұнды қолданады. Бұл тәсіл – Алтын Орда дәуіріндегі рухани-идеологиялық және тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, шығарманы халыққа түсінікті, ықпал ету күші жоғары деңгейде ұсыну жолы болғаны анық. Мұндай шығармашылық еркіндік Сәйф Сараидың көркем хикаялар мен қытқалар шебері екендігін көрсетеді. Аудармада тек тілді жеткізу ғана емес, сонымен қатар, мәтіннің рухын, идеялық салмағын, көркемдік бейнесін түркі дүниесіне бейімдеу қажет болған. Бұл тұрғыда Сәйф Сараи шебер аудармашы ғана емес, нағыз әдебиетшінің биігінен табылады.

Аударманың негізі ретінде қандай мәтін алынған деген сұрақ төңірегінде де зерттеулер жүргізілген. Ғалым Р.Алиевтің құрастыруымен жарық көрген салыстырмалы мәтін қазіргі таңда «Гүлістанның» ең сенімді

нұсқасы ретінде танылып отыр. Татар зерттеушісі Х.Миннегулов осы салыстырмалы мәтінді негізге ала отырып, Сәйф Сараи аудармасының қай нұсқаға жақын екенін анықтаған. Ғалымның тұжырымынша, Сәйф Сараидың мәтіні 1385 жылы көшірілген парсыша нұсқаға өте жақын. Бұл нұсқада I-VII баптарда 182 хикая бар болса, соның 178-і Сәйф Сараи аудармасында кездеседі. III-бапта бір хикая парсы нұсқасында жоқ, бірақ Сәйф Сараи аудармасында бар. Бұл— тәржімашының шығармашылық белсенділігін, авторлық еркіндікті шебер қолданғанын көрсетеді [36,253 б.]. Осылайша, Сәйф Сараи аудармасының негізі ретінде 1385 жылғы парсыша көшірме алынғаны анықталды. Бұл оның аудармашылық еңбегінде түпнұсқамен тығыз байланыста болғанын, сондай-ақ жеке шығармашылық еркіндікті де шебер қолданғанын дәлелдейді.

Аударманың құрылымдық жағынан да парсы мәтінімен ұқсастығы жоғары. Хикаялардың орналасу тәртібіндегі айырмашылықтар өте аз. Тек VIII бапта кейбір сәйкессіздіктер байқалады, бұл әр дәуірде көшірілген қолжазба нұсқалардағы текстологиялық өзгерістерге байланысты болуы мүмкін.

«Гүлістан бит-түрки» шығармасындағы образдар жүйесі.

Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» шығармасындағы образдар жүйесі мазмұндық-идеялық тұрғыдан аса бай әрі күрделі. Аудармашы ақын Сағди хикаяларындағы тәрбиелік мәні зор оқиғаларды түркі тілді оқырманға жеткізуде көркемдік шеберлік пен шығармашылық еркіндікті шебер ұштастырып, образдарды шынайы әрі нанымды сипаттай білді. Бұл образдар жүйесі, ең алдымен, Сәйф Сараидың аудармашылық қызметпен қатар, талантты жазушы әрі ойшыл екенін дәлелдейді. Шығармада түрлі әлеуметтік тап өкілдерінің, әртүрлі мінез-құлық пен адамдық қасиеттерге ие кейіпкерлердің бейнесі жасалған. Образдар жүйесі тақырыптық жағынан да, көркемдік-бейнелеу әдістері тұрғысынан да алуан түрлі. Мұндағы кейіпкерлер—сұлтандар мен уәзірлер, патшалар мен қарапайым адамдар, байлар мен кедейлер, ғұламалар мен надан тұлғалар—барлығы қоғамдағы адам мінезінің, әлеуметтік қарым-қатынастың бір-біріне әсер етуін көрсететін шебер құрал ретінде қызмет етеді. Бұл тәсіл шығарманың тәрбиелік, моральдық мазмұнын тереңдете түседі.

Билеушілер бейнесі және тарихи сана:

Сәйф Сараи хикаяларында сұлтандар мен патшалардың бейнесіне ерекше мән береді. Мұндай хикаялардың шығарманың басында орналасуы кездейсоқтық емес. Саяси-қоғамдық қатынастарды жете түсінген Сәйф Сараи мемлекеттің дамуы мен оның күйреуі тікелей ел басшыларымен байланысты деген идеяны алға тартады. Бұл хикаяларда билеушілердің әділдігі мен зұлымдығы, ақылдылығы мен надандығы халықтың өміріне тікелей әсер ететін негізгі фактор ретінде сипатталады. Мәселен, Сұлтан Махмұт Ғазнауи туралы хикая—биліктің өткіншілігі, дүниенің жалғандығы туралы терең философиялық ойды жеткізеді. Түс көру арқылы жеткізілген астарлы мазмұн билікке ұмтылған адамның түпкі мақсаты не болуы керек деген сұраққа жауап іздейді. Бұл хикаяда Сәйф Сараи:

«Қайыр етіп болған белгілі патшалар,  
Кетті тастар әрбірі бір жәдігер.  
Ізгі аты қалса ердің жақсырақ,

Соңынан қалғанша тола алтын, байлық...»—деген жолдармен дүниенің өткінші құндылықтарынан гөрі, адамгершілік пен ізгілік қасиеттерінің мәңгі екенін айқындайды.

Ал Харун әр-Рашидке қатысты хикаяда билеушінің даналығы, әділеттілігі мен парасаттылығы кең түрде суреттеледі. Уәзірлерінің қаталдығы мен қатыгез ұсыныстарының арасында, Харунның жұмсақ та салмақты шешімі оқырманды ойға жетелейді:

«Ей, ұлым, жомарттық пен мейірімділік деген—оны кешіруің. Егер кешіре алмасаң, сен де оның анасынан боқта. Алайда, кек шектен шығып кетпесін. Егер шығып кетсе, зұлымдық біз жақта болады» [32, 202 б.].

Бұл эпизод—Сәйф Сарайдың хикая кейіпкерлері арқылы билеушіге қатысты моральдық стандарттар мен әділеттілік қағидаларын насихаттауының көрінісі.

Әлеуметтік-қоғамдық таптар және адам табиғаты:

Шығармадағы образдар жүйесінің келесі бір ерекшелігі—қоғамның әртүрлі әлеуметтік таптарына жататын кейіпкерлер арқылы өмір шындығын көрсетуі. Бай мен кедей, ғұлама мен қарапайым адам, саудагер мен сұғанақ бейнелері шынайы суреттеліп, әрқайсысы өзіндік моральдық сабақ береді. Мысалы, ашкөз бай мен жомарт адам, ақымақ уәзір мен ақылды кеңесші, жәбірленуші мен зұлым үстем тап өкілі секілді оппозициялық бейнелер арқылы автор адам бойындағы қасиеттерді шендестіріп, жақсы мен жаманның аражігін ажыратады. Осыған орай шығармада нақты адам образдары ғана емес, бүкіл бір мінез, болмыс, көзқарас типтері жинақталып, типтік кейіпкерлер жасалған.

Сәйф Сарай әрбір хикаяда кейіпкердің психологиясын, іс-әрекетін, шешімін шынайы бейнелеуге тырысады. Образдарды тек сипаттау емес, олардың іс-әрекеті, диалогтары арқылы көрсетуі шығарманың көркемдік әсерін күшейтеді. Кейіпкерлердің сөйлеу тілінде халық тіліне жақын, мақал-мәтелдерге толы тіркестерді қолдануы, оқырманмен табиғи байланысты қамтамасыз етеді. Ұстаз бен шәкірт образы—тәрбиелік концепт: Шығармада ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынасқа негізделген хикаялар да кең орын алған. Бұл хикаяларда Сәйф Сарай өз дәуіріндегі білім беру жүйесі мен адам тәрбиесіне қатысты ойларын бейнелейді. Ұстаз—даналықтың көзі, ал шәкірт—оны игеруге тиіс ізденуші ретінде суреттеледі. Хикаялар оқырманды ойландырып, өмірлік шешімдерге жетелейді. Адамның дүниетанымы мен парасаты көбінесе ұстаздан алған тәлімге байланысты екендігі баса көрсетіледі. Мұндай образдар арқылы автор ортағасырлық түркі әдебиетінде «тәрбие» ұғымының қаншалықты маңызды екенін, рухани кемелденудің жолы білім мен тәрбие арқылы жүретінін меңзейді.

Сәйф Сарайдың «Гүлістан бит-түрки» шығармасындағы образдар жүйесі— автордың көркемдік ізденісі мен аудармашылық тәжірибесінің,

дүниетанымдық концепциясының нәтижесі. Ол хикаялар арқылы адам болмысының әртүрлі қырларын ашып, кейіпкерлердің өмірлік тәжірибесі мен мінез-құлықтарын өзекті мәселелермен байланыстыра отырып, оқырманға ой тастайды. Шығармадағы әрбір кейіпкер—белгілі бір идеяның, моральдық концепцияның көрінісі.

«Гүлістан бит-түрки» шығармасының жанрлық сипаты.

Сәйф Сараидың шығармашылығы түркі әдебиетінің үлкен бөлігі болып табылады, әсіресе оның өлеңді хикаялары мен ғазалдары әдебиеттанушылардың назарын аударуда. Бұл тұрғыда оның «Гүлістан бит-түрки» туындысы түркі әдебиетінің өзекті шығармаларының бірі болып саналады. Сараидың шығармашылығында ерекше орын алатын жанрлардың бірі—қытға, яғни өлеңді хикаялар. Бұл жанр өзінің дидактикалық сипатымен ерекшеленеді, өйткені мұнда адамгершілік, шынайылық және адалдық сияқты моральдық құндылықтар негізгі тақырыпқа айналады.

Сәйф Сараи—өлеңді хикаялар жанрында өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өз шығармаларында шынайы өмір мен адамгершілік құндылықтарды көрсету арқылы түркі поэзиясын байытты. Оның өлеңді хикаяларының мазмұны прозалық хикаялармен ұқсас болғанымен, поэтикалық формада жазылған. Бұл хикаялар көбінесе моральдық сабақтар мен өмірлік ұстанымдарды дәріптейді. Сәйф Сараи өз туындыларында адамзаттық қарым-қатынастарды, оның ішінде адалдық, махаббат және шыншылдық тақырыптарын терең ашады.

«Гүлістан бит-түрки» туындысындағы бірқатар өлеңді хикаялар—ақынның өмір туралы түсініктерін және адами құндылықтарды көрсетуге арналған тамаша үлгілер. Мысалы, «Қартайдың, жігіттіктен қолыңды тарт» өлеңді хикаясы өте терең мағынаға ие. Бұл өлеңде қарттық пен жастық арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Хикаяның негізгі идеясы—жастық шақтағы әрекеттер мен өмір салтын қартайған кезде қайталамау қажеттігі. Қарт адам өзінің жас кезіндегі іс-әрекеттерін орындауға тырысса, бұл ұят болуы мүмкін деген ой айтылады. Өлеңнің негізгі мақсаты—«тең-теңімен» деген нақылды ұстану және әрбір адам өз жасына сәйкес әрекет етуі керек екенін көрсету.

Сәйф Сараидың шеберлігін тағы бір рет көрсететін өлең—«Хикаялы өлең». Бұл өлеңде он бір бәйіт бар және оқиға ғашықтар арасындағы махаббатты баяндайды. Хикаяда жігіт пен қыз кемеде жүріп, апатқа ұшырайды. Олар суға батып бара жатқанда, көмекке келген бір адам жігітке қол ұсынса, ол сүйген қызының қолын ұстап, одан бас тартпауды таңдайды. Бұл жағдай ғашықтың шынайылығын және махаббаттың тереңдігін көрсетеді. Өлеңнің соңында Сәйф Сараи ғашықтықтың мәнін былайша түсіндіреді:

«Ақиқат ғашық ердің мәзһабын,  
Қаласаң, болуға ғашық, солай бол.  
Жағады ол адамды отқа, ертең,  
Тастап пейнет ішінде кетерін жарын».

Бұл өлеңде ғашықтықтың нағыз мәні ашылады. Шынайы ғашық үшін махаббат тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетте де дәлелденуі керек. Ғашық өзінің сүйген адамы үшін жанын пайда етуге дайын болуы тиіс. Бұл идея өлеңнің негізгі ойы болып табылады.

Ғазал жанры мен оның түркі әдебиетіндегі орны:

Сәйф Сараи түркі әдебиетінде ғазал жанрының дамуына үлкен үлес қосты. Оның ғазалдары өз замандастарына ұқсас ырғақ пен ұйқаста жазылғанымен, әрбір ғазалдың өзіне тән ерекшеліктері мен терең философиялық ойлары бар. Сәйф Сараи ғазалдарын жаза отырып, оларды бір ерекше деңгейге көтерді. Ғазалдарда махаббат, өмірдің өткіншілігі, адамның ішкі дүниесі мен оның сезімдері терең сипатталады. Осылайша, ғазал жанрының түркі әдебиетіндегі орны мен маңызы арта түсті. Сәйф Сараидың ғазалдары оның шығармашылығындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ғазал жанрында жазылған өлеңдер оның поэзиясындағы ең нәзік және терең шығармалар болып табылады [37]. Сараи ғазалдарының негізгі тақырыбы— махаббат, өмірдің өткіншілігі мен адам рухының жан дүниесіне үңілу.

Сәйф Сараи өз шығармашылығы арқылы түркі әдебиетінің дамуына үлес қосты. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың басындағы түркі жазба әдебиеті, әсіресе мәмлүктер кезеңінде, жаңа шығармашылық бағыттарға қадам басты. Сәйф Сараи мен оның замандастары түркі әдебиетінің сапасын көтеріп, оны жаңа биіктерге шығарды. Олар өз шығармаларында түркі халықтарының рухани және мәдени мұрасын дәріптеді.

Алтын Ордадағы ішкі соғыстар мен қоғамдық тұрақсыздықтың әсерінен көптеген мәдениет қайраткерлері. Мысырға көшіп, жаңа мәдени орталықтар құрады. Бұл мәдени алмасулар түркі әдебиетінің дамуына әсер етті. Қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылған шығармалар түркі әдебиетін сан және сапа жағынан байытты. Түркілік мәдениет пен дәстүр әдебиеттің дамуына айтарлықтай мүмкіндік берді. Араб және парсы тілдерінен түркі тілдеріне аударылған шығармалар түркі әдебиетінің мазмұнын кеңейтіп, жаңа эстетикалық құндылықтарды енгізді.

Қорыта айтқанда, Сәйф Сараи өз замандасымен бірге түркі әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосып, жаңа поэтикалық формаларды енгізді. Оның шығармашылығы түркі әлеміндегі әдеби дәстүрдің шексіз кеңдігін және оның тарихын жаңа қырынан ашты.

## **2 АЛТЫН ОРДА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ**

### **2.1 Жоғары білім беруде Алтын Орда дәуірінің әдеби мұраларын оқыту әдістемесі**

Алтын Орда дәуірінің әдебиетін оқыту барысында әдістемелік тәсілдер білім алушылардың тарихи әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық мәдениетке деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір сабақтың құрылымы, студенттердің белсенділігін арттыру және олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, жеке оқу жолдары мен әдіс-тәсілдер ұсынылуы тиіс. Пәнді оқыту әдістемесі—оқушыларға білім беру мен оқу мазмұнын меңгерту заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылым мен практиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл әдістеме педагогикалық үдерісте оқыту мен тәрбиелеудің түрлі тәсілдері мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын қамтиды. Әдетте, пәнді оқыту әдістемесі модульдік және локальды әдістерді, сондай-ақ білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған әдістемелерді қарастырады.

Қазақ әдебиетін оқытуда тарихи кезеңдердің мазмұнын терең меңгертуде әдеби туындыларды кезеңдік негізде жүйелеудің маңызы зор. Әсіресе, Алтын Орда дәуіріне тән көркем шығармаларды оқытуда студенттің әдеби-танымдық, рухани-адамгершілік, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру басты міндет болып саналады. Бұл мақсатқа жетуде педагог-әдіскерлердің ұсынған тиімді әдіс-тәсілдері мен әдістемелік жүйелері жетекші мәнге ие.

Әдебиет оқыту әдістемесі саласында зерттеулер жүргізген көрнекті ғалым Р. Әміров көркем шығарманы меңгертудің негізін «туындыны оқушының қабылдау ерекшелігіне сай жүйелі және сатылы ұйымдастыру» қажет деп түсіндіреді [38, 34-б.]. Бұл ұстаным жоғары оқу орны жағдайында да өзектілігін жоймайды. Ә. Нысанбаев пен Р. Сыздықова сынды ғалымдар студентке көркем мәтінді танымдық-когнитивтік әдістермен оқытудың тиімді екенін айтып, мазмұн мен мәнді байланыстыру арқылы гуманитарлық бағыттағы пәндердің тәрбиелік ықпалын күшейтуге болады деген тұжырым жасайды [39, 48-б.]. Көркем мәтінді танымдық-когнитивтік әдістермен оқыту гуманитарлық пәндердің тәрбиелік ықпалын арттыруға мүмкіндік береді.

А. Қыраубайқызы тарихи әдеби мұраларды оқытуда «мәтінді тұтас талдау, сюжеттік-композициялық құрылымын, тілдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық мазмұнын жүйелі зерттеу» әдісін ұсынады [40, 22-б.]. Ол өз зерттеулерінде орта ғасыр әдебиетін, оның ішінде Алтын Орда дәуірінің көркем мәтіндерін оқытуда интертекстуалдық, салыстырмалы, тарихи-көркемдік талдау тәсілдерінің маңызы зор екенін атап өтеді.

Б. Сағындықұлы болса, «шығарманы диалогтік оқыту, ситуациялық жағдаяттар жасау, сұрақ-жауап, жекелеген үзінділермен жұмыс, символдар жүйесін ашу, сипаттау мен детальды талдау» әдістерін қазіргі әдебиет

сабағында кеңінен қолдануды ұсынады [41, 135-б.]. Сондай-ақ М. Әлімбаев пен С. Қалиев әдебиетті оқытуда ұлттық тәрбие мен мәтіндік талдаудың бірлігін сақтау қажет екенін алға тартып, «оқушыны шығармадағы көркем бейне мен идеяны сараптауға, рухани әсер алуға тәрбиелеу—басты нәтиже болуы тиіс» дейді [42, 92-б.]. Сонымен, әдебиетті оқытудағы басты мақсат—көркем шығарма арқылы студенттің рухани дүниесін байытып, идеялық-көркемдік мазмұнды терең ұғындыру.

Жоғары білім беру үдерісінде қолданылатын оқыту технологиялары қатарында модульдік оқыту, жобалау әдісі, интерактивті сабақ, кейс-стади, дебаттық талдау мен құндылыққа негізделген оқыту (values-based learning) тәсілдері жиі қолданылады. Бұл әдістер Алтын Орда дәуірі әдебиетін талдауда шығарманың философиялық астарын, діни-этикалық мазмұнын, тарихи-мәдени құндылығын терең ұғынуға мүмкіндік береді.

Осы аталған әдістемелік ұстанымдар қазіргі студенттің әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, тарихи-мәдени мұраға құрметпен қарауға баулиды. Сонымен қатар, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің мазмұнын жаңа буынға меңгертуде сапалы ғылыми-әдістемелік құралдарды қолдану қажеттілігі де туындайды.

Оқыту әдістемесінің түрлері мен технологиялары бір-бірімен тығыз байланысты, әрі олар педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін негізге ала отырып, дәстүрлі білім беру элементтерімен үйлесімді түрде пайдаланылады. Мұнда қолданылатын әртүрлі әдіс-тәсілдер мен технологиялар оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқушының танымдық қабілеттерін дамытуға және олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, педагогикалық ғылым мен тәжірибе негізінде алынған тиімді әдіс-тәсілдер мен технологиялар білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін ашуға жағдай жасайды. Семинар кезінде әртүрлі технологияларды пайдалану арқылы студенттердің белсенділігі мен тақырыпқа деген қызығушылығын арттыруға болады. Студенттердің белсенділігін арттырып, пікір алмасуға, олардың ойын тыңдауға арналған ұтымды тәсілдердің бірі—«Дебат» технологиясы қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген интерактивті оқыту түрлерінің бірі. Бұл әдіс алғашында «Ашық қоғам» Халықаралық институтының бастамасымен енгізіліп, педагогикалық практикада тиімділігін дәлелдеген. «Дебат» термині француз тілінен аударғанда—жиналыста немесе пікірсайыста ой бөлісу, көзқарастар қақтығысы арқылы шындыққа жету мағынасын білдіреді [43, 27 б.]. Жоғары оқу орындарындағы оқу процесінде бұл әдіс студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, коммуникативтік қабілетін дамытудың тиімді құралы ретінде қолданылады.

«Дебат» сабағы—«ойкөкпар» түріндегі пікірталас үлгісі бойынша ұйымдастырылып, студенттердің келесі педагогикалық мақсаттарға жетуін көздейді:

- логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту;
- ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіру;

- ойын жүйелі, дәлелді түрде жеткізе білу шеберлігін қалыптастыру;
- шешендік өнерге бейімдеу;
- өзіндік сенімділікті арттыру;
- топта жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру;
- талқыланып отырған мәселенің мәніне үңілу қабілетін дамыту;
- көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

«Дебат» сабағының алғашқы кезеңінде қарастырылатын тақырып нақты анықталады. Бұл тақырыпқа байланысты студенттер екі қарама-қарсы пікірді ұстанатын топтарға бөлінеді. Әрбір топ өз ұстанымдарын қорғау мақсатында түрлі ақпарат көздерінен мәліметтер жинап, оларды жүйелеп, сабақ барысында аргумент ретінде қолданады.

Пікірсайыс кезінде топ мүшелері қарсы топты емес, әділқазылар алқасы мен тыңдаушыларды (яғни аудиторияны) өз көзқарастарының дұрыстығына сендіруге тырысады. Бұл–тек білім мен ақпараттылықты ғана емес, сонымен қатар логикалық дәлелдеу, сыни тұрғыда пайымдау, сенімді сөйлеу, мәдениет пен этика шеңберінде пікір айту қабілеттерін дамытатын маңызды технология. «Дебат» технологиясы–студенттерді өз ойын еркін жеткізуге, қарсы пікірлерді құрметтеуге, дәлелдер келтіре отырып, ғылыми тұрғыда қорытынды жасауға баулитын тиімді құрал. Бұл әдіс әсіресе әдебиет, тарих, саясаттану, философия секілді пәндерде оқытудың нәтижелілігін арттырады.

Міне, «Дебат» технологиясын Алтын Орда дәуірі әдебиеті тақырыбына бейімдеп өткізудің сабақ үлгісі:

Сабақ тақырыбы: Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көркемдік және тарихи құндылығы

Сабақтың мақсаты:

Студенттердің Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармаларды терең түсінуіне ықпал ету;

Әдебиетті тарихи дереккөзі ретінде қарастыру қабілетін дамыту;

Сын тұрғысынан ойлау, пікір айту және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру;

Коммуникативтік және шығармашылық құзыреттіліктерін жетілдіру.

Қолданылатын әдіс:

Дебат (ойкөкпар) технологиясы

Сабақ құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 мин):

Сабақтың мақсаты мен ережесі түсіндіріледі;

Студенттер екі топқа бөлінеді:

1-топ: Алтын Орда дәуірі әдебиеті–көркем шығарма ретінде, эстетикалық тұрғыдан маңызды.

2-топ: Алтын Орда дәуірі әдебиеті–тарихи дерек ретінде, қоғамдық маңызға ие.

II. Дайындық кезеңі (10–15 мин):

Әр топ өз көзқарасын дәлелдейтін аргументтер мен мысалдар дайындайды (мысалы, «Қиссас үл-әнбия», «Гүлстан бит-түрки», Сәйф Сарай, Құтб, Хорезми шығармалары);

Шығармалардан үзінділер, авторлардың өмірінен нақты фактілер, тарихи контексттермен салыстырулар қарастырылады.

III. Пікірсайыс кезеңі (20–25 мин):

Әр топ кезекпен өз ұстанымын таныстырады (3–5 минут);

Қарсы сұрақтар қойылады және жауап беріледі (кері байланыс);

Әр топ қорытынды сөз айтып, өз дәлелдерін жинақтайды.

IV. Қорытынды және рефлексия (10 мин):

Қазылар алқасы (немесе оқытушы мен тыңдаушылар) қай топтың аргументі нанымды болғанын атап өтеді;

Студенттер өз әсерлерімен бөліседі, қандай жаңа мәлімет алғанын, не үйренгенін айтып өтеді;

Жеке немесе топтық қысқаша рефлексия жазылады (мысалы, 3 сөйлеммен өз ойыңды білдір).

Дебат» технологиясының қалыптастыратын құзыреттіліктері мен дағдылары

«Дебат», яғни ой-көкпар сабағы барысында студент бойында бірқатар маңызды біліктіліктер мен дағдылар қалыптасады. Атап айтқанда:

- өз көзқарасын нақты дәлелдер мен дәйектер негізінде айта білу қабілеті дамиды;

- сұрақты дұрыс және мағыналы түрде қоя білу машығы қалыптасады;

- шешендік өнердің логикасын меңгеріп, оны тәжірибеде қолдану дағдылары жетіледі;

- топ ішінде тиімді әрекеттесе отырып, ұжымдық жұмыс істеу тәжірибесі нығаяды.

Бұл дағдылар студенттің сын тұрғысынан ойлау қабілетін, коммуникативтік мәдениетін, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, кәсіби және тұлғалық дамуына да оң әсер етеді.

Жоғарыда аталған технологияларды зерттей отырып, сабақ барысында студенттердің білімді меңгеруіне ықпал ететін ең тиімді әдістердің бірі ретінде интерактивті оқыту тәсілі қолданылды. Бұл әдіс студенттің оқу процесіндегі белсенділігін арттырып, танымдық әрекетін дамытуды көздейді. Сонымен қатар, бұл кіріктірілген сабақ түрі болғандықтан, зерттеу әдісі, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, проблемалық оқыту әдістері сабақ құрылымында мақсатты түрде қамтылды. Сабақтың басты мақсаты– студенттердің тарихи-әдеби танымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту және ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Осы орайда, білім беру мазмұны Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетті қамтитын тақырыптар негізінде жоспарланды. Сабақтың негізгі кезеңдерінде оқытушының рөлі бағыттаушы, үйлестіруші ретінде көрініс тапты, ал студенттердің өздігінен ізденуі мен дербес ойлауына кең мүмкіндік берілді.

Қазіргі білім беру жүйесінде дамыта оқыту мәселесіне ерекше назар аударылып отыр. Бұл оқыту

түрінің басты ерекшелігі—тұлғаның психикалық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған концепция болып табылады. Дамыта оқыту теорияларының ішінде Л. В. Занков ұсынған үлгі ерекше орын алады. Бұл теория оқу материалының мазмұнын күрделендіру арқылы студенттің ойлау белсенділігін арттыруды көздейді. Алайда, аталған модель оқыту барысында үлгерімі төмен студенттерге қиындық туғызатындықтан, жаппай қолдануға негіз бола алмады. Соған қарамастан, қазіргі таңда дара тұлғалық оқыту кеңістігінде Занков теориясының жекелеген элементтерін тиімді қолдануға мүмкіндік бар. [44, 112 б]. Л. В. Занковтың дамыта оқыту теориясы бүгінде тұлғалық бағыттағы білім беру жүйесінде ішінара сәтті қолданылып келеді.

Қисса-дастандарды оқыту әдістемесі аясында А. Қыраубаеваның «Әдеп» пәніне енгізілген әдеби үлгілерді оқыту тәжірибесі—ұлттық дүниетанымды, адамгершілік-рухани құндылықтарды меңгертуде және көркем мәтінді тарихи-танымдық тұрғыдан игертуде маңызды ғылыми-әдістемелік негіз болып табылады.

Алма Қыраубаева қазақ руханияты мен әдебиеттануында тың педагогикалық жаңалық ретінде «Сенім» оқу бағдарламасын жасап, оның құрамына ұлттық рухани тәрбиенің іргетасы ретінде «Әдеп» атты пәнді енгізді. Бұл пән—тек әдеби мәтін оқуға емес, сонымен қатар ислам діні мен қазақтың этикалық болмысын, дәстүрлі моральдық нормаларын меңгертуді көздейтін кешенді оқу модулі болды [45]. Бұл пән арқылы студенттің дүниетанымын кеңейтіп, көркем мәтін негізінде адамгершілік пен имандылық ұстанымдарын меңгертудің тиімді тетігі ұсынылады.

Ғалым «Әдеп» пәнінің мазмұнына қисса-дастандарды жүйелі түрде енгізіп, оларды тарихи-генетикалық тұрғыдан үш негізгі бағытқа жіктеп ұсынады: «Тотынама» желілері, «Шахнама» желілері және Орта Азия қиссалары [46] Мұндай жіктеу әдебиет тарихындағы жанрлық сабақтастықты көрсетуге және студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қыраубаеваның әдістемесінде негізгі үш бағыт айқындалады:

1. Интеграцияланған оқыту—«Әдеп» пәні «Әлем және мен» бағдарламасымен қатар жүргізіліп, қиссалар тек әдеби туынды ретінде ғана емес, тарихи-мәдени, діни-философиялық контекстте оқытылады [47, 6-8 б] Интерактивті әдістер—қисса кейіпкерлеріне хат жазу, сахналық көрініс қою, практикалық бейнелеу (сурет, би, мүсін), сазды үзіліс, даладағы сабақ арқылы оқушының танымдық және эмоционалды әлеуеті қатар дамиды.

2. Жоба негізіндегі және рефлексивті оқыту—оқушылар қисса мазмұнынан алған әдеп үлгілері бойынша рефлексия жазады немесе топтық жоба ретінде сахналық қойылым дайындайды. Бұл—білім алушының тұлғалық жауапкершілігін арттыратын әдіс [46]. Мұндай әдістемелік ұстанымдар бүгінгі жоғары оқу орнындағы әдеби білім беру үдерісіне де тиімді үлгі бола алады. Қиссалар тек мәтін ретінде емес, тәрбиелік, дүниетанымдық, мәдени мұра ретіндегі әлеуетімен бағаланып отыр.

Эксперимент барысында Алма Қыраубаеваның «Әдеп» пәнін негізге ала отырып өткізілген сабақ жоспары төмендегі құрылым бойынша әзірленді:

Дәріс тақырыбы: Рабғузи “Қисса сұл-әнбия” шығармасын оқыту

Дәріс жоспары:

1) Шығарма авторы және шығарма жайлы жалпы түсінік беру

2) Дәріс барысында шығарманы оқыту әдістемесі

Дәріс мақсаты: “Қисса-сұл әнбия” шығармасындағы даналық әңгімелермен таныстыру, қиссаның пайдасын, студентке тигізетін әсерін түсіндіріп, ынта-ықыласын ояту

1) Шығарма авторы және шығарма жайлы жалпы түсінік беру.

XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық ағартушылық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» немесе «Қисас-ул анбийя» атты кітабы елеулі орын алады.

«Қисас-и Рабғузи» барлық түркі халықтарына ортақ орта ғасырлық маңызды туынды болып саналады.

Рабғузи-шығарма авторының лақап аты. Ол-Раббат Оғыз атты елді мекенде өмір сүрген ғұлама ғалым, әділ қазы Насыреддин Бұрханаддин деген кісі.

Еуропалық түркітанушы А. Бомбачидің айтуынша, Рабғузи 1250 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы Баршынкентте өмір сүрген және дарынды филологтар дайындайтын сол кездегі атақты Nusamad-Din медресесінде үздік оқыған. Араб, парсы, түркі тілдерін еркін меңгерген [48, 81 б]. Еңбектерін осы тілдерде жазған, алайда ғалым мұраларының біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тиген жалғыз туындысы бар. Ол-«Қисас-ул анбийя» ескерткіші.

Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмір тарихы, дін-шариғаты баяндалған кітап «Қисас ул анбийя» деп аталады [49, 45 б]. Бұл «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Орта ғасырларда «Қисас-ул анбийяның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқалары пайда болды да, соған қатысты әртүрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек «Қисас-ул анбийяның» араб, парсы және түркі т.б. тілдердегі өзгеріске түскен нұсқаларын бір жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырады. Ол туралы Рабғузи өз еңбегінің алғы сөзінде Тоқбуға бек: «Пайғамбарлар туралы хикаялар бірі араб тілінде, бірі парсы тілінде бізге әр түрлі дәрежеде жетіп отыр. Бірінің басы, бірінің аяғы жоқ, ал бірі толық болса, бірі толық емес. Солардың бәрін бір ізге түсіріп, өзімізге түсінікті тілде жазып берсеңіз деді. Мен құрметті бектің өтінішін қабыл алдым», - дейді.

Тоқбуға бектің өтінішін қабыл алған Рабғузи былай деп жазады: «Жанымды құдайға тапсырып, тәңірден медет тілеп, осы кітапты бастадым. Алдыма қойған мақсатым-пайғамбарлар тарихы. Алла мейірімділердің мейірімдісі» [50, 15 б]. Рабғузи пайғамбарлар тарихын жүйелі түрде баяндауды өзіне рухани міндет етіп алып, бұл істі Тәңірден медет тілей

отырып бастағанын атап көрсетеді. Бұл жолдардан автордың шығарманы жазудағы шынайы ниеті мен діни танымы анық байқалады.

Пайғамбарлар туралы әңгімелерді көне түркі тілінде асқан шеберлікпен жазып шыққан Рабғузи аталған еңбегін орта ғасыр әдебиетіндегі дәстүр бойынша Тоқбуға бекке сыйға тартады. Бұл хижраның 709-710 жылдары еді, біздің жыл санауымыз бойынша-1310 жыл. Аталған еңбек осы кезеңнен бастап бүкіл түркі халықтарының рухани қазынасына айналады.

Тоқбуға бек өз заманының әділ, әдебиет пен ғылымға жанашыр адамы болса керек. Ол туралы Рабғузи: «Біздің басшымыз әміршілердің ең мықтысы, ғалымдардың ең сүйіктісі, жаны таза, қайырымды, тегі - монғол, діні - мұсылман, ақылы-теңіз», -деп көрсетеді [17]. Рабғузи Тоқбуға бекті әділ, парасатты әрі дін мен ғылымға жанашыр тұлға ретінде сипаттап, оны көреген әмірші әрі үлгілі басшы ретінде бейнелейді.

Ғұлама ғалым Рабғузи осы еңбегін жазу барысында үлкен табысқа қол жеткізетініне кәміл сенгендіктен шығармасын жай ғана «Қисас-и Рабғузи» деп атаған. Ол өз еңбегінің кіріспесінде: «Бұл кітапты іздеген әрбір адам, оны жылдам табатындай болсын және ол туралы естіген әрбір адам, сол сәтте-ақ кітаптың не жайында екенін ұғына алатындай болсын», -деп жазған болатын. [16]. Шындығында, қаншама ғасыр өтсе де түркі тіліндегі өзге мәтіндер «Қисас-и Рабғузимен» салыстырғанда, соншалықты танымалдыққа ие болған жоқ.

## 2) Дәріс барысында шығарманы оқыту әдістемесі

Студенттерге жалпы түсінік берілген соң, шығарманың ішіндегі қиссаларды талдау барысына өтеміз. Студенттерге қисса мәтіндері таратылып беріледі.

### 1.Топтық жұмыс

Студенттерді бірнеше топқа бөліп, әр топқа белгілі бір қиссаны талдау және ұсыну тапсырмасы беріледі.

#### 1-тапсырма: Мәтінмен жұмыс

Қиссаны оқып, мәтіндік талдау жүргізу.

Негізгі мәселе:

1)Мәтіндегі діни терминдер мен түсініктерді анықтау, түсініксіз сөздердің мағынасын ашу.

2) Қиссадағы әдеби әдістерді (метафора, теңеу, гипербола) талдау.

2-тапсырма: Әр топ қиссаның мазмұнын қысқаша баяндап, оның негізгі идеясын және қазіргі қоғамға байланыстыратын тұстарын түсіндіреді. Қиссаның ішіндегі негізгі идеялардың бәрін постер бетіне бір сөзбен жазып жинақтау қажет.

#### 3-тапсырма: Дебат немесе пікірталас

Қиссадағы кейбір оқиғаларға немесе кейіпкерлердің әрекеттеріне қатысты пікірталас ұйымдастыру. Ортаға проблема туғыза алатын, ойландыратын тақырып беріледі. Әр топ өзінің пікірін қорғап шығуы тиіс.

[Бұл әдіс студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытады].

#### 4-тапсырма. Шығармашылық тапсырмалар

Эссе жазу: Студенттерге белгілі бір қисса негізінде эссе немесе шығармашылық әңгіме жазуды ұсыну.

Мысалы, «Қазіргі қоғамдағы Нұх кемесі» немесе «Жүсіп пайғамбардың өмірінен алынған сабақтар».

Қисса мазмұнын интерпретациялау.

[Бұл әдіс студенттердің мәтінді терең түсінуіне және оны сезінуіне мүмкіндік береді].

5-тапсырма. Салыстырмалы талдау

Рабғузи қиссаларын басқа әдеби немесе діни мәтіндермен салыстыру.

Мысалы, Адам ата туралы қиссаны басқа мәтіндермен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау.

“Адам ата мен Хауа ана” қиссасы бойынша студенттерге арналған эксперименттік сабақтың талдауы.

Бұл қиссада адамның жаратылысы, жұмақтан қуылуы және алғашқы күнә тақырыптары қарастырылады. Қиссада көптеген діни, философиялық және моральдық ұғымдар кездеседі. Осы ұғымдар мен сөздерге негізделген тапсырмалар студенттердің мәтінді тереңірек түсінуіне және діни-мәдени концептілерді ұғынуына көмектеседі.

Сабақ құрылымы және тапсырмалар:

Мәтін ішіндегі негізгі терминдерді анықтау

Мақсаты: Студенттер қиссада кездесетін негізгі діни және философиялық терминдерді түсініп, олардың мәнін талдайды.

1-Тапсырма: Төменде мәтіннен алынған бірнеше термин ұсынылады. Әр терминге қысқаша анықтама беріп, олардың қиссадағы рөлін анықтаңыз. Терминдер:

1. Жұмақ
2. Тыйым салынған ағаш
3. Ібіліс
4. Күнә
5. Тәубе
6. Жаратылыс

Тапсырма нәтижесінде студенттер:

Терминдердің мағынасын түсінеді;

Қисса құрылымындағы маңызын саралай алады;

Символикалық мазмұн мен әдеби-діни контекст арасындағы байланысты ажырата алады;

Діни-философиялық лексиканы әдеби тұрғыда қолдануға машықтанады.

2. Терминологиялық талдау: «Күнә» ұғымының интерпретациясы.

Тапсырма: «Күнә» терминінің әртүрлі діни және философиялық көзқарастарда қалай түсіндірілетінін зерттеңіз. Қиссадағы күнәнің мәнін басқа діндердегі немесе философиялық жүйелердегі күнә ұғымымен салыстырыңыз.

Сұрақтар:

- 1) Қиссада Адам ата мен Хауа ананың күнәсі қандай рөл атқарады?

2) Күнә ұғымы қазіргі қоғамда қандай моральдық немесе құқықтық нормалармен байланысты?

3) Философиялық тұрғыдан алғанда, адам қателіктері (күнәлары) оның даму жолындағы қажетті кезең бе?

Бұл тапсырма арқылы студенттер:

«Күнә» ұғымының көпқырлылығын түсінеді;

Діни қисса мен қазіргі қоғам арасындағы байланысты көре алады;

Философиялық пайымдау арқылы адамның рухани және әлеуметтік дамуын бағалай алады;

Кешірім, жауапкершілік, мораль сияқты түсініктерді талдауға үйренеді.

3-тапсырма: Мәтіннен символикалық сөздерді анықтау және түсіндіру.

Мақсаты: Қиссадағы символикалық элементтердің мағынасын талдау.

Тапсырма: Төмендегі символикалық элементтерді талдап, олардың қандай мағына беретінін түсіндіріңіз. Элементтер:

1. Тыйым салынған жеміс

2. Жұмақтан қуылу

3. Ібілістің азғыруы.

Студенттер бұл тапсырма арқылы әдеби талдау қабілеттерін арттырды. Олар діни әрі әдеби мәтіннің мазмұнынан астарлы, көркемдік мәні бар символдарды ажыратып, олардың мәтіндегі функциясын түсінді. Символдық мағынаны түсіну дағдысын қалыптастырды.

Мысалы:

Тыйым салынған жеміс—адамның тыйымға мойынсұнбауын, ерік-жігер мен күнәнің басталуын бейнелейді.

Жұмақтан қуылу—күнәнің салдарын, жауапкершілікті және жер бетіндегі өмірдің басталуын көрсетеді.

Ібілістің азғыруы—зұлымдық пен арбаудың, адасудың символы ретінде қабылданады.

Сондай-ақ, көркемдік тәсілдер мен діни-мәдени контекстті ұштастырып үйренді. Студенттер символ арқылы берілген идеяларды сол дәуірдің дүниетанымымен байланыстыра отырып, шығарманың терең мазмұнын ашуға дағдыланды.

Ойлау мен сыни талдау машығын жетілдірді. Символдық элементтерді әртүрлі қырынан қарастыру арқылы студенттер логикалық, философиялық және мәдени пайымдау дағдыларын дамытты.

4-тапсырма: Семантикалық карта құру.

Тапсырма: Студенттерге төмендегі сөздер мен түсініктер ұсынылады. Әр сөзге байланысты семантикалық карта құрып, олардың арасындағы байланысты көрсетіңіз. Сөздер:

1. Жұмақ

2. Күнә

3. Ібіліс

4. Тәубе

5. Азғыру

## 6. Жаратылыс

Нұсқаулық: Семантикалық картада әр сөздің арасындағы логикалық, моральдық және философиялық байланыстарды көрсету қажет. Мысалы, «Күнә» мен «Тәубе» арасындағы байланыс—адамның қателігін мойындап, кешірім сұрауы.

1. Ұғымдар арасындағы логикалық байланысты анықтау қабілеті дамиды.

Студенттер күрделі діни-философиялық ұғымдар (жұмақ, күнә, тәубе, ібіліс, т.б.) арасында қандай мағыналық, себеп-салдарлық және моральдық байланыс бар екенін түсінуді үйренеді. Бұл—сыни және жүйелі ойлау қабілетінің негізі.

2. Діни-рухани мәтіндерді терең ұғыну дағдысы қалыптасады.

Семантикалық карта құру арқылы студенттер тек беткі мағынамен шектелмей, мәтіндегі астарлы идеяларды, ұғымдар мен бейнелердің маңызын түсінуді меңгереді.

3. Абстрактілі ойлау және концептуалды талдау машығы дамиды.

Моральдық, символдық және философиялық ұғымдарды талдау арқылы студенттердің абстрактілі ойлау қабілеті артады. Олар рухани дүниетанымды әдеби ұғымдармен байланыстыра біледі.

4. Құндылықтық бағдар қалыптасады.

Күнә, азғыру, тәубе сияқты ұғымдарды талдау арқылы студенттер адамгершілік, жауапкершілік, кешірім, таңдау еркі сияқты моральдық ұстанымдарды түсініп, өмірлік құндылықтарды саралауға машықтанады.

5. Жеке пікірін дәлелдеп айтуға дағдыланады.

Семантикалық карта жасауда студент өз таңдауы мен түсіндіруін негіздеп, нақты дәлелмен көрсетуге үйренеді. Бұл—ғылыми әрі танымдық тілдің дамуына жол ашады.

5-тапсырма: Қазіргі заманмен байланыстыру тапсырмасы: Моральдық дилемма.

Тапсырма: Студенттерге қазіргі заманнан келесі моральдық дилемма ұсынылады. Ситуация: «Қоғамда бір адам заңды бұзып, бірақ сол әрекеті арқылы көптеген адамдардың өмірін жақсартады. Бұл әрекет күнә ма әлде ол ақтала ма?»

Нұсқаулық: Бұл жағдайды Адам ата мен Хауа ананың тыйым салынған жемісті жеуімен салыстырыңыз. (Әр топ өз көзқарасын дәлелдеп, шешім ұсынады)

1.Этикалық ойлау мен моральдық пайымдау дағдысы қалыптасады.

Студенттер бір жағынан заңға, екінші жағынан адамның пайдасына қатысты қарама-қайшы әрекеттерді саралай отырып, терең моральдық шешім қабылдауға дағдыланады.

2. Тарихи-діни мәтіндерді қазіргі өмірмен байланыстыруды үйренеді.

Адам ата мен Хауа ананың тыйымды бұзу арқылы жаңа болмысқа өтуі—күнә мен жауапкершілік, ерік еркіндігі тақырыптарын ашады. Осыны қазіргі

дилеммамен салыстыра отырып, студенттер өткен мен бүгін арасындағы мәндік үндестікті көреді.

3.Салыстырмалы талдау қабілеті артады.

Студенттер ежелгі діни оқиға мен қазіргі заманғы жағдайдың арасында ұқсастық пен айырмашылықтарды тауып, салыстырмалы анализ жасауды меңгереді.

4.Коммуникативтік және топпен жұмыс дағдылары дамиды.

Әр топ өз көзқарасын ортаға салып, дәлелдеп, шешім ұсынады. Бұл пікір алмасу мен дәлелді сөйлеуді жетілдіреді.

5.Құндылықтар жүйесін қайта қарастыруға ынталанады.

Заң мен адамгершілік, пайда мен әділет, еркіндік пен шектеу сияқты қарама-қайшы ұғымдарды ой елегінен өткізу арқылы студенттер жеке моральдық ұстанымдарын нақтылайды.

Үйге тапсырма: Рефлексиялық эссе: «Ібілістің азғыруы–адамның ішкі күресі».

Рефлексия

Сабақ соңында студенттерден үйренгендерін талқылап, өздерінің алған әсерлерін жазбаша түрде жазуды сұрау. Бұл әдіс олардың шығармадан қандай ой түйгенін және оның жеке өміріне әсерін түсінуге көмектеседі.

Бұл әдістерді сабақ барысында қолдануға болады. Студенттердің белсенділігін арттыру, олардың қызығушылығын ояту және мәтіннің маңыздылығын түсіндіру үшін интерактивті және шығармашылық тәсілдерді ұсыну өте тиімді.

«Ұлықпанның қалыңдық айттыруы» қиссасына арналған тапсырмалар  
Мәтінмен жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. Көркем талдау тапсырмасы

Мәтіндегі кейіпкерлер портретіне әдеби талдау жасаңыз.

Ұлықпан хакім образы қандай ерекшеліктерімен дараланған?

Ұлының мінезі мен болмысына қатысты мәтіннен дәлелдер келтіріңіз.

Қыз бейнесінің қандай сипаттары арқылы автор оны болашақ жар ретінде таңдауға лайықты етіп көрсеткен?

2. Дискуссиялық сұрақтар (ауызша немесе эссе түрінде)

а) Ұлықпан хакімнің бала тәрбиелеу әдісін қазіргі тәрбие тәсілдерімен салыстырыңыз. Бұл әрекетті қаншалықты орынды деп санайсыз?

б) Қыздың сөзі арқылы қандай моральдық қағида берілген? Бүгінгі жастар үшін бұл қаншалықты өзекті?

3. Мәтіндегі астарлы ойды табу

Берілген мәтінде тікелей айтылмай, ишарамен берілген идеяларды анықтаңыз.

Хакім не себепті тіл алғыш баласын сабады?

Бұл әрекет арқылы ол неге қол жеткізгісі келді?

Қыздың айтқан сөзінде қандай астарлы мағына жатыр?

4. Контекстік салыстыру

Ұлықпан хакім туралы бұл хикаятты басқа халық даналығы немесе шығыс әдебиетінің өкілдерінің (мысалы, Қожа Ахмет Ясауи, Әл-Фараби, Абай) бала тәрбиесі туралы ойларымен салыстырыңыз.

Ортақ тұстары мен айырмашылықтарын кесте түрінде көрсетіңіз.

Ұлықпанның әрекеті–философиялық тұжырым ба, әлде әлеуметтік сын ба?

#### 5. Тілдік талдау тапсырмасы

Мәтіннен көнерген сөздер мен фразеологизмдерді тауып, мағынасын анықтаңыз.

Мысалы: «аузынан сөзі, қойнынан безі түскен момын», «айтқызбай-ақ үй күзететін ит артық» т.б.

Бұл тіркестер мәтіндегі мағыналық салмақты қалай арттырып тұр?

#### 6. «Case-study»–жағдаяттық талдау

Тапсырма: Ұлықпан хакімнің әрекетін заманауи педагог ретінде бағалаңыз.

Оқытушы студенттерге 3 түрлі сценарий береді:

а) Ұлына ұрспай, ақылмен сөйлескенде не болар еді?

ә) Жазалауды жалғастырса не өзгерер еді?

б) Қыздың орнында өзіңіз болсаңыз, қандай жауап берер едіңіз?

Студенттер бұл жағдайға педагог, әлеуметтанушы және мәдениеттанушы ретінде пікір білдіреді.

#### 7. «Сыни ойлауға арналған сұрақтар матрицасы»

Тапсырма: Мәтін мазмұнына байланысты Блум таксономиясы негізінде сұрақтар құрастырыңыз.

#### Кесте 4 - Блум таксономиясы

| Деңгей   | Сұрақ үлгілері (мысал ретінде)                                    |
|----------|-------------------------------------------------------------------|
| Білу     | Ұлықпан хакім кім? Ұлы қандай сипатта?                            |
| Түсіну   | Хакім неге ұлын сабады? Бұл әрекетті қалай түсінеміз?             |
| Қолдану  | Осы хикаятты қазіргі педагогикаға қолдануға бола ма?              |
| Талдау   | Қыздың сөзі арқылы қандай мораль беріліп отыр?                    |
| Жинақтау | Хикаяттың негізінде өзіңіз шағын ертегі құрастырыңыз.             |
| Бағалау  | Ұлықпан хакімнің шешімі дұрыс па? Тәрбие әдісі қаншалықты тиімді? |

#### 8. Құндылықтар жүйесін талдау

Мәтінде көтерілген басты моральдық-этикалық құндылықтарды анықтаңыз.

Бұл құндылықтар бүгінгі заманда сақталған ба?

Қазіргі жастар үшін мәтін қандай тәлім-тәрбие береді?

«Періштелердің жаралуы» қиссасына арналған тапсырмалар

#### 1. Хат әдісі (интерактивті хат алмасу)

Тапсырма:

Мәтіндегі бір кейіпкерге (мысалы, Жебірейіл періште немесе жайнамаз тоқушы періште) арнап хат жазыңыз.

Хатта мынадай сұрақтарға жауап беруіңіз керек:  
Сенің бұл оқиғадан түйгенің қандай?  
Қандай сезімге бөлендің?  
Қазіргі қоғамда осы хикаядан қандай үлгі алуға болады?  
Бұл тапсырма студенттің эмоционалды, этикалық әрі тілдік танымын дамытады.

2. Сахналық көрініс (әдепті сөз бен қимыл)

Тапсырма:

Қисса желісімен шағын сахналық көрініс жазыңыз (5–7 минут).

Көріністе төмендегі диалогтарды енгізіңіз:

Жебірейілдің тәкаппарлық пен таубе арасындағы күйзелісі;

Алла тағаланың мейірі мен әділ шешімі;

Пырақтардың Миғраж түніне дайындық сәті.

Қимыл, дауыс мәнері, әдебі ескерілсін.

Бұл тапсырма—«би мәдениеті мен сөз әдебін» дамытудың бір түрі ретінде ұсынылады.

3. «Даладағы сабақ» (табиғат аясындағы рефлексия)

Тапсырма:

Ашық аспан астында, табиғат аясында отырып, мына тақырыпта эссе жазыңыз:

«Жаратылыс пен руханият: Нұрдың жаратылысы және адамның ішкі тазаруы»

Эсседе мына сұрақтарға жауап беріңіз:

Нұр мен пәктік ұғымы нені білдіреді?

Жаратылыс пен әдеп арасындағы байланыс қандай?

Миғраж түнінің мәні неде?

Бұл-Алма Қыраубаеваның «даладағы сабақ» тәсілін қолдану арқылы рухани-сезімдік дамуды мақсат етеді.

4. Қисса бейнелеуі (практикалық тапсырма)

Тапсырма:

Мәтін бойынша бір эпизодты бейнелеңіз:

Сурет салу / Коллаж жасау / Құммен салу

Мысалы:

Нұрдың пайда болу сәті

Миғраж түнінің көрінісі

Жебірейіл мен төрт шадиярдың нұрлары

Түсініктеме беріп, не бейнелегіңіз келгенін сипаттаңыз.

Бұл әдіс эмоционалды және визуалды танымды дамытады (Қыраубаеваның «практикалық бейнелеу» тәсілі).

5. Жоба әдісі (интеграцияланған білім)

Тапсырма:

«Қисса және қазіргі мораль» тақырыбына шағын жоба дайындаңыз.

Жоба мазмұны:

Мәтіндегі бір эпизодты (мысалы, Жебірейілдің тәубесі) алыңыз

Қазіргі қоғамда осыған ұқсас моральдік мәселелерді табыңыз  
Жеке немесе топпен презентация жасап, ұсыныс дайындаңыз  
(бейнеролик, слайд, постер, т.б.)

Бұл—«интеграцияланған оқыту» мен «жоба негізіндегі білім беру»  
тәсілін жүзеге асырады.

#### 6. Рефлексиялық эссе

Тапсырма:

«Менің ішкі нұрым: Жебірейілдің оқиғасы менің өміріме қандай әсер  
етті?» тақырыбында эссе жазыңыз.

Түйінді ойлар:

Рухани тәубе мен менмендік

Адамның өз орнын сезінуі

Қиссадағы тәрбиелік бағдар

Бұл—Қыраубаеваның «рефлексия және өзін тану» принципіне сай.

#### 7. Критикалық талдау

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға терең сыни жауап дайындаңыз:

Жебірейіл періште не себепті өзін өзгелерден жоғары санады? Бұл  
неліктен әдепсіздікке жатады?

Алла тағала қандай әділет пен мейірім қасиетін көрсетті?

Қиссаның құрылымы мен діни көркем бейнелері қай жанрға жатады?

Бұл тапсырма қисса жанрын тарихи-генетикалық және діни-  
философиялық тұрғыдан талдауға бағытталған.

«Дәуіт пен Өзірейіл» қиссасына арналған тапсырмалар

1. «Тағдыр бұрылысы» ойыны (ситуациялық тапсырма)

Жағдай: Егер сіз әлгі жігіттің орнында болсаңыз...

Тапсырма: Төмендегі 3 нұсқаның бірін таңдаңыз, не себепті солай әрекет  
ететініңізді түсіндіріңіз.

Сценарий:

Сіз қарыз алып бара жатып, жолда қайыр сұрап отырған жетімге  
жолықтыңыз.

Не істейсіз?

А) Ақшам жетпейді деп, қайыршыға ештеңе бермей, жолыңызды  
жалғастырасыз.

Б) Ақшаның бір бөлігін ғана бересіз.

В) Бар ақшаны соған беріп, сауданы кейінге қалдырасыз.

Неге бұл әрекетті таңдадыңыз? Қандай нәтиже болар еді деп ойлайсыз?  
(5–6 сөйлеммен)

2. «Ізгілік хаты» (шығармашылық тапсырма)

Тапсырма: Әлгі жетім баланың орнына өзіңізді қойып, ақшаны берген  
жігітке арнап алғыс хат жазыңыз.

Шарт: Хаттың ішінде мына сөздер болсын: мейірім, сауап, рақмет,  
Тәңір, үміт.

(100 сөз шамасында)

3. «Мәтіннен образ жасау» (визуалды тапсырма)

Тапсырма: Мәтінде кездесетін төмендегі кейіпкерлердің біріне бейнелік мінездеме (образ) жазыңыз немесе сызба/эскиз түрінде бейнелеңіз:

Дәуіт

Жетім бала

Ақшаны алған жігіт

Өзірейіл

Міндетті түрде: Оның қимылы, сөзі, ниеті және әрекетінің нәтижесі сипатталуы тиіс.

4. «Жасырын сұрақ» әдісі (мазмұнға терең ену)

Тапсырма:

Мәтінді мұқият оқып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Өзірейіл жігіттің ажалы туралы Дәуітке не үшін айтты деп ойлайсыз?

2. Жетімнің батасының қабыл болуы нені білдіреді?

3. Садақаның өмірге әсері туралы бүгінгі заманда қандай мысал келтіре аласыз?

Жауаптарыңыз кемінде 4–5 сөйлем болсын.

5. «Дәйексөзге пікір» тапсырмасы

Тапсырма: Қисса соңындағы «Садақа бәлені жояды» деген нақыл сөзге өз түсінігіңізді жазыңыз. Бұл сөздің мәні қандай деген сұраққа жауап беріңіз.

6. «Түйін сөз» әдісі

Тапсырма: Мәтіннің мазмұнын сипаттайтын 5 негізгі сөз таңдаңыз.

Мысалы: Садақа, Жетім, Баталы сөз, Ажал, Мейірім.

Содан кейін сол 5 сөзді пайдаланып шағын ойтолғау (50–70 сөз) жазыңыз.

7. «Не өзгерер еді?» (жаңа нұсқа жазу)

Тапсырма:

Мәтіндегі жағдай басқаша өрбісе не болар еді?

Сценарий: Егер жігіт жетімді байқамай өтіп кетсе, оқиға қалай жалғасар еді?

Мәтіннің альтернативті нұсқасын 5–6 сөйлеммен жазыңыз.

8. «Қоғамда садақа мәдениеті бар ма?» (пікірталасқа дайындық)

Тапсырма: Студенттер екі топқа бөлінеді.

Бірі: «Қазіргі қоғамда садақа шынайы ниетпен беріледі»

Екіншісі: «Садақа көбіне көзбояушылыққа айналып барады» деген пікірді қорғайды.

Топтар 3 дәлел мен 1 нақты өмірлік мысал келтіріп, пікірталасқа қатысады.

Жоғарыда ұсынылған «Адам ата мен Хауа ана», «Ұлықпанның қалыңдық айттыруы» «Періштелердің жаратылысы», «Дәуіт пен Өзірейіл» қиссаларына арналған тапсырмалар жүйесі—студенттерге қисса-дастандық жанрды оқытудың тың әрі нәтижелі әдістемелік моделін ұсынады. Бұл тәсіл тек әдеби мәтінді талдаумен шектелмей, оның ішкі мазмұнын рухани-адамгершілік, діни-этикалық, тарихи-танымдық тұрғыдан меңгеруге

мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылған мәтіндер мен тапсырмалар әдеп, имандылық, жауапкершілік, адамгершілік, тақуалық, мейірімділік сынды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады. Бұл бағытта жұмыс істеу студент бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға, ұлттық тәрбие мен әдеби-мәдени мұраны меңгеруге тың серпін береді.

## **2.2 Жоғары оқу орнындағы студенттерге арналған эксперимент нәтижесі**

Оқыту экспериментінің басты мақсаты–жоғары оқу орнында Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудың әдістемелік жүйесін тәжірибелік бақылау арқылы әзірлеген ұсыныстарымыздың тиімділігін негіздеу болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер белгіленді:

1. Оқыту экспериментінің әдістемелік және ұйымдастырушылық шараларының жоспарын жасау:

- а) бақылау және эксперимент топтарын нақты іріктеу;
- ә) тәжірибелік оқыту жүргізетін оқытушылармен арнайы түсіндіру жұмыстары мен пікір алмасу кездесулерін ұйымдастыру;
- б) эксперименттік сабақтардың жоспарларын құру және оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету.

2. Тәжірибелік байқауларды ұйымдастыру және олардың барысын жүйелі түрде бақылау.

Зерттеу проблемасына байланысты ұйымдастырылған эксперименттік жұмыстар бірнеше кезеңге бөлініп жүргізілді. Атап айтқанда:

I кезең–дайындық (бақылау-талдау) кезеңі. Бұл кезеңде бақылау экспериментінің мақсат-міндеттері айқындалды. Біріншіден, ғылыми-әдістемелік еңбектердегі жоғары оқу орындарында әдебиеттен білім беру үдерісіндегі Алтын Орда дәуірі әдебиетінің оқытылу жай-күйі анықталды. Екіншіден, осы уақытқа дейінгі тәжірибеде аталған дәуір әдебиетінің оқытылуына жасалған әдістемелік талдаулар қарастырылды. Бұл мәселелер:

«Қазақ әдебиеті» пәніне арналған оқу бағдарламалары, оқулықтар, хрестоматиялар мен әдістемелік құралдарды талдау;

- әдебиет пәні бойынша оқытушылардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен сабақ жоспарларын зерделеу;
- студенттерге жүргізілген сауалнамалар мен сұхбаттар;
- жазба жұмыстарының нәтижелері арқылы нақты айқындалды.

II кезең–негізгі (оқыту-эксперименттік) кезең. Бұл кезеңде эксперименттің негізгі мақсат-міндеттері анықталып, ұйымдастыру-әдістемелік шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда:

Эксперимент және бақылау топтары іріктеліп алынды;

Қазіргі білім беру жүйесіне сай Алтын Орда дәуірі әдебиетін тиімді оқытудың жолдары қарастырылды;

Сабақ үлгілері дайындалып, авторлық әдістемелік жүйе бойынша жоспарланған арнайы сабақтар жүргізілді.

III кезең–қорытынды (талдау және интерпретация) кезеңі. Эксперименттің соңғы кезеңінде бақылау және эксперимент топтарынан алынған нәтижелер салыстырмалы түрде талданып, қорытындылар жасалды. Эксперименттің алғашқы кезеңіндегі мақсат Алтын Орда дәуірі әдебиетінің дәстүрлі оқыту тәжірибесіндегі орнын анықтау және бағдарламаларда қамтылу аясын саралау болғандықтан, төмендегідей міндеттер қойылды:

1. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім мазмұнына шолу жасап, Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудың жаңа әдістемелік моделін жасауға негіз болатын деректер мен құжаттарға талдау жүргізу:

а) Аталған кезең әдебиетінің оқу бағдарламаларында қамтылу дәрежесіне шолу жасау; (қамтылмаған себептерін анықтау, түсіндірме беру).

ә) Білім мазмұнына талдау жасау:

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша қазіргі уақытқа дейінгі білім мазмұны мен оқу бағдарламаларында Алтын Орда дәуірі әдебиетінің қаншалықты көлемде қамтылғанын саралау. Осы кезең әдебиетінің не себепті шектеулі немесе толық берілмегеніне түсіндірме жасау. Жарық көрген оқу құралдарына, бағдарламаларға, хрестоматияларға талдау жүргізу;

2. Сауалнамалар мен әңгімелер арқылы студенттердің қызығушылығын анықтау.

Жоғары оқу орнындағы әдебиет пәніне деген студенттердің қызығушылық деңгейін, тақырыпты меңгерудегі қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру. Алынған нәтижелер негізінде оқу үдерісін оңтайландыру жолдарын айқындау;

3. Оқытушылардың іс-тәжірибесін зерделеу.

Қазақ әдебиеті пәні оқытушыларының күнделікті тәжірибелерімен танысып, арнайы сұхбаттар жүргізу арқылы Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудағы нақты әдістемелер мен қолданылатын технологияларды анықтау. Қолданылып жүрген тиімді әдістер мен кездесетін мәселелерге назар аудару.

4. Әдеби материалдардың студенттердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау.

Алтын Орда дәуірі әдебиетін меңгеру барысында студенттердің жас ерекшеліктеріне, танымдық қабілеттеріне, психологиялық дайындықтарына сай әдістемелік бағыттарды нақтылау. Зерттеу нәтижелерін қорытындылап, болашақта оқу үдерісін жетілдіруге қажетті ұсыныстар әзірлеу.

Эксперименттік зерттеу жұмыстары Қаскелең қаласында орналасқан Сүлейман Демирел атындағы университеттің 2-курс студенттері арасында жүргізілді. Жалпы экспериментке шамамен 50 студент қатысты.

Зерттеу барысында студенттердің Алтын Орда дәуірі әдебиетін меңгеру деңгейін, тақырыпқа деген қызығушылығын, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі интерактивті әдіс-тәсілдер қолданылды. Сонымен қатар, оқыту үдерісіне қатысқан университет студенттерінің пікірлері мен ұсыныстары ескерілді.

Эксперименттік жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды:

- дайындық кезеңінде зерттеудің мақсат-міндеттері нақтыланды;
- негізгі кезеңде ұсынылған әдістемелік жүйе бойынша сабақтар өткізілді;
- қорытынды кезеңде алынған нәтижелер сараланып, студенттердің білім деңгейіндегі өзгерістер мен құзыреттіліктердегі даму динамикасы анықталды.

Студенттерге жүргізілген сауалнама жауаптары:

Кесте 5 - Сауалнама сұрақтары

| Сұрақ № | Сұрақ мәтіні                                                                  | Жауап нұсқасы                                   | Пайыз (%) |
|---------|-------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|-----------|
| 1       | Алтын Орда кезеңіндегі әдеби шығармалармен таныссыз ба?                       | Иә                                              | 65        |
|         |                                                                               | Жоқ                                             | 35        |
| 2       | Алтын Орда кезеңінің белгілі өкілдері кімдер? (Ашық сұрақ)                    | Жауап берген                                    | 70        |
|         |                                                                               | Жауап бермеген                                  | 30        |
| 3       | Алтын Орда әдебиеті қай ғасырларда дамығанын білесіз бе?                      | А) XI-XII ғғ.                                   | 10        |
|         |                                                                               | В) XV-XVI ғғ.                                   | 15        |
|         |                                                                               | С) XIII-XIV ғғ. (дұрыс жауап)                   | 65        |
|         |                                                                               | Д) XVI-XVII ғғ.                                 | 10        |
| 4       | Алтын Орда дәуір әдебиетінің көтерген негізгі мәселелері қандай? (Ашық сұрақ) | Жауап берген                                    | 60        |
|         |                                                                               | Жауап бермеген                                  | 40        |
| 5       | “Қисса сұл-әнбия” шығармасы сізге қандай әсер қалдырды?                       | Ой салды                                        | 75        |
|         |                                                                               | Күшті әсер етпеді                               | 25        |
| 6       | Кейіпкерлер іс-әрекеті қандай үлгі береді?                                    | Жақсы өнеге бар                                 | 70        |
|         |                                                                               | Ондай әсер байқамадым                           | 30        |
| 7       | Шығарманың негізгі мақсаты қандай?                                            | А) Діни және моральдық құндылықтарды насихаттау | 60        |
|         |                                                                               | В) Тарихи оқиғаларды баяндау                    | 15        |
|         |                                                                               | С) Әдеби стильді дамыту                         | 15        |
|         |                                                                               | Д) Саяси оқиғаларды түсіндіру                   | 10        |
| 8       | Құрылымдық ерекшелігі қандай?                                                 | А) Хронологиялық тәртіп                         | 20        |
|         |                                                                               | В) Әр қисса жеке, ортақ идеямен                 | 55        |
|         |                                                                               | С) Үздіксіз баяндау                             | 15        |

## Кесте 5 жалғасы

|    |                                                                      |                                   |    |
|----|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|----|
|    |                                                                      | D) Қайталанатын кейіпкерлер       | 10 |
| 9  | “Түлстан бит-түрки” шығармасы қандай жаңашылдық әкелді? (Ашық сұрақ) | Жауап берген                      | 65 |
|    |                                                                      | Жауап бермеген                    | 35 |
| 10 | “Түлстан бит-түрки” шығармасы кімнің туындысына негізделген?         | A) Әл-Фараби                      | 5  |
|    |                                                                      | B) Сағди Ширази (дұрыс жауап)     | 75 |
|    |                                                                      | C) Омар Хайям                     | 10 |
|    |                                                                      | D) Хафиз Ширази                   | 10 |
| 11 | Қандай негізгі тақырыптар көтерілді?                                 | A) Мемлекеттік басқару            | 10 |
|    |                                                                      | B) Сауда және экономика           | 15 |
|    |                                                                      | C) Моральдық-этикалық құндылықтар | 60 |
|    |                                                                      | D) Тарихи оқиғалар                | 15 |
| 12 | Әдебиеттегі маңыздылығы неде?                                        | A) Алғашқы философиялық шығарма   | 5  |
|    |                                                                      | B) Ғылыми трактат                 | 5  |
|    |                                                                      | C) Парсы поэзиясын игеру          | 20 |
|    |                                                                      | D) Түркі тіліндегі парсы үлгісі   | 70 |
| 13 | Бұл әдебиет несімен маңызды?                                         | Тарихи-мәдени мәні бар            | 80 |
|    |                                                                      | Қызықсыз немесе маңызды емес      | 20 |
| 14 | Біліміңізді қалай бағалайсыз?                                        | A) Жоғары                         | 35 |
|    |                                                                      | B) Орташа                         | 50 |
|    |                                                                      | C) Төмен                          | 15 |
| 15 | Бұл шығармаларды қазіргі әдебиетте оқытудың маңыздылығы қандай?      | Маңызды                           | 90 |
|    |                                                                      | Маңызсыз                          | 10 |

### 1. Шығармалардың тарихи және рухани маңыздылығы

Көптеген студенттер бұл шығармалардың:

- Түркі әдебиетінің бастау көзін тануда;
- Ислам діні мен түркі мәдениетінің үйлесуін түсінуде;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеруде маңызды екенін атап өткен.

Мысал пікірлер:

- «...Алтын Орда дәуірінің әдебиеті өз дәуірінің бейнесін көрсетеді, сонысымен құнды...»

- «...Пайғамбарлар өмірінен балалар ғибрат үлгі өнеге алады...»
- «...Адами құндылықтар қалыптасады...»

## 2. Оқыту әдістемесіне қатысты ұсыныстар

Студенттер дәстүрлі оқыту тәсілінен гөрі:

- Интерактивті сабақтар;
- Көрнекі құралдар (сурет, мультфильм, комикс);
- Подкаст, топтық жұмыс, мультимедиа әдістерін;
- Тарихи тақырыптарды қазіргі замандағы жағдайлармен байланыстыруды ұсынған.

Мысал пікірлер:

- «...Мультимедиа құралдарын пайдалану...»
- «...Сюжетті оқиғалар болғандықтан, балаларға көзбен көру оң әсер етеді...»
- «...Қазіргі өмірмен байланыстырып, мысал көрсету керек...»

## 3. Қиындықтар мен бейтарап көзқарастар

Бірқатар жауаптарда «Білмеймін», «Ұсынысым жоқ», «Ойлану керек» деген жауаптар кездеседі. Бұл студенттердің кейбірі тақырыппен толық таныс еместігін немесе жеткілікті түсінік болмағанын көрсетеді.

## 4. Жалпы бағалау деңгейі

Сауалнамада А, В, С түрінде берілген деңгейлер кездеседі:

- А) Жоғары деңгейде—қызығушылық пен маңыздылықты көрсетеді.
- В) Орташа деңгейде—қызығушылық бар, бірақ жеткіліксіз.
- С) Төмен деңгейде—қызығушылық төмен, қосымша жұмыс қажет.

## 2-тарау бойынша тұжырым

Жүргізілген зерттеу жұмыстары мен эксперименттік сабақтар нәтижесінде Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетті оқытудың бүгінгі білім беру жүйесінде маңызды орын алатыны анықталды. Бұл кезең—қазақ әдебиетінің негізін қалаған рухани, тарихи-мәдени тұғыр. Аталған дәуірдің әдеби мұралары студенттердің ұлттық сана-сезімін, тарихи дүниетанымын қалыптастыруда маңызды құрал бола алады.

Эксперименттік жұмыс барысында Қаскелең қаласында орналасқан Сүлейман Демирел атындағы университеттің студенттерімен жүргізілген арнайы сабақтарда интерактивті әдістер—пікірталас, зерттеу, салыстырмалы талдау, рөлдік ойындар сынды тәсілдер кеңінен қолданылды. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармаларды оқытуда «дебат», «сыни ойлау», «рефлексия» секілді педагогикалық технологиялар студенттердің әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, тарихи-көркем мәтінді саналы түрде қабылдауға, одан танымдық қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Эксперимент нәтижесінде студенттер төмендегідей біліктіліктер мен дағдыларды меңгергені анықталды:

- тарихи әдеби мұраларды жүйелі түрде оқи алу;
- авторлық ұстанымды түсініп, талдау жасау;
- өз пікірін логикалық және дәлелді түрде жеткізе алу;

- топпен жұмыс жүргізу дағдысы мен пікірталас мәдениеті;
- шығармадан ұлттық болмыс пен тарихи сабақтастықты танып, бағалай білу.

Сонымен қатар, студенттердің Алтын Орда дәуіріне тән әдеби үлгілерге деген қызығушылығы артып, шығармаларды тек әдеби мәтін ретінде ғана емес, тарихи дереккөзі ретінде де қарастыру қабілеттері дамыды. Әсіресе, Рабғузи, Сәйф Сараи шығармашылығын меңгеру арқылы олардың дүниетанымы мен идеялық бағыттарын түсінуге мүмкіндік туды.

Эксперимент нәтижелері Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқытудың тиімді әдістемесін жасау қажеттігін және оның болашақ әдебиет мұғалімдерін даярлауда үлкен маңызға ие екенін көрсетті. Ұсынылған әдістемелік жүйе студенттердің әдеби-тарихи білімін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық-мәдени идентификациясын тереңдетуге ықпал етті.

Қорытындылай келе, Алтын Орда дәуірі әдебиетін қазіргі оқу үдерісіне тиімді енгізу үшін әдістемелік құралдарды жаңарту, мазмұнды өзектендіру және оқытудың жаңа технологияларын енгізу қажет. Ұсынылып отырған әдістемелік жүйе—осы бағыттағы нақты, тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген қадамдардың бірі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Алтын Орда дәуірі–түркі халықтарының рухани тарихында ерекше орны бар, әдебиет пен мәдениеттің өркендеген кезеңі. Бұл кезеңдегі әдеби мұралар-діни-философиялық тереңдігімен, адамгершілік пен тәрбиелік мазмұнымен ерекшеленетін, ұрпақтың рухани-этикалық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын құндылықтар. Зерттеу барысында дәл осы әдеби мұраларды, атап айтқанда Н. Рабғузидың «Қисса-сүл әнбия» және Сәйф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері жан-жақты қарастырылды. Жұмыста Алтын Орда дәуіріндегі әдеби ескерткіштердің тарихи-мәдени маңызы, олардың түркілік дүниетаныммен, сопылық поэзиямен және ислам этикасымен байланысы нақты әдеби және философиялық дәлелдермен дәйектелді. Сонымен қатар, бұл мұраларды қазіргі студенттерге тиімді меңгерту мақсатында әдістемелік тәсілдер, оқыту модельдері мен тәжірибелік сабақ үлгілері ұсынылды.

Зерттеу нәтижесінде Алтын Орда дәуірі әдебиетін оқу арқылы студенттің әдеби-эстетикалық талғамы артып қана қоймай, рухани-адамгершілік қасиеттері де дамитыны анықталды. Эксперименттік жұмыстар, сауалнама қорытындылары мен әдістемелік тәсілдер қазіргі білім беру талаптарына жауап бере отырып, оқытудың тиімді жолдарын көрсетіп берді. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми тұжырымдары төмендегідей:

1. Алтын Орда дәуірі әдебиеті–мазмұны жағынан көркем әрі діни-этикалық, сопылық, философиялық көзқарастарды қамтитын әдеби мұра, оны жоғары білім беру жүйесінде оқыту–ұлттық рухты тәрбиелеудің бірден-бір құралы.

2. Бұл дәуір әдебиетін жүйелі және терең талдау негізінде оқыту студенттің тарихи санасын, мәдени танымын, моральдық-этикалық көзқарастарын қалыптастырады.

3. Алтын Орда әдебиетін оқытудың әдістемелік жүйесі қазіргі замандағы білім беру моделіне сай жаңашыл, тұлғалық-бағдарлы оқыту принциптерін негізге алуы қажет.

Ұсыныстар: Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегі ұсыныстар жасалады:

1. Әдебиет пәнінің оқытушыларына арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен практикалық құралдар (тапсырмалар жинағы, мәтін талдау үлгілері) әзірленуі керек;

2. Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайту үшін, сопылық және діни-этикалық мазмұндағы шығармаларды талдауға арналған модульдер құру тиімді болады;

3. Алтын Орда әдебиетін цифрлық форматта (электронды оқулық, мультимедиялық ресурс) ұсыну—қазіргі білім беру технологияларына бейімдеудің маңызды қадамы;

4. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістерді жалғастырып, докторанттар мен жас зерттеушілердің назарын түркі мұраларын жаңғыртуға бағыттау қажет.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы, 2014. – Т. 23.
2. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: Филол. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1997.
3. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983.
4. Қыраубаева А. Түрік әдебиетіндегі оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы // Классикалық зерттеулер. – Алматы, 2012. – Т. 6.
5. Кәрібаев Б. Алтын Орда дәуірінен қалған тарихи мәтелдер мен сөз тіркестері: мәні мен мағынасы. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2020. - №2(97). – 137-146бб.
6. ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ. /С. Керімбай, Э. Наби, М. Телеген. Алматы-2022. - 552б.
7. Квятковский А. Поэтический словарь. – М., 1966.
8. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002.
9. Егеубаева А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. Алматы: Айкос, 1999, 204 б.
10. Наджип Э.Н. Исследование по истории тюркских языков XI-XV в.в. Москва, Наука, 1989, 283 с.
11. Сағындықұлы Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы (Хорезмидің «Мұхаббат-намасының», Құтбтың «Хұсрау уа Шырынының» және Сейф Сарайидің «Гүлстан бит-түркиінің» материалдары бойынша). Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 1977.
12. Убайдуллаева Г.Ж. «Мұхаббат-наме ескерткішінің текстологиясы» (Жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы). Автореферат. Алматы, 2001, 26 б.
13. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының сөздігі.(XII ғ.). Алматы, Ғылым, 1974, 278 б.
14. Сабыров М.Б. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар. Автореферат. Алматы, 1997, 26 б.
15. Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы: Ұжымдық монография. -Алматы: «Evo Press», 2022.-320 бет.
16. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
17. Рабғузи Н. Қисас-ул әнбия. – Алматы: Жазушы, 1989. (4-6 б)
18. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л.: АН СССР, 1951.
19. Арифханов Ғ. Қисас-ул әнбия – түркі дүниесіне ортақ мұра. – Ташкент: Фан, 1985. – 176-бет.
20. Наджип Э.Н. История тюркских литературных языков. – М.: Наука, 1980. – 225-бет.
21. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 21-бет.

22. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Мектеп, 1967. – 168-бет.
23. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 197-бет.
24. Чақыр Р. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» мен Рабғузидің «Қисасул әнбия» шығармаларының тілі мен стилінің салыстырмалы талдауы. – Анкара: Түрік Тіл Қауымдастығы баспасы, 2004. – 24-б.
25. Зайончковский А. XIII–XV ғасырлардағы түркі әдеби тілі. – Варшава: Польша ғылым академиясының баспасы, 1958. – 10–14-б.
26. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1988.
27. Агаджанов С.Г. Огузы и огузское общество IX–XI вв. – М.: Наука, 1969.
28. Мұқанова Р. «Қисса Жүсіп» (мәтінтанулық зерттеу және ғылыми басылым). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 56-бет.
29. Қисса сұл әнбияи. – Қазан: Екінші типография, 1903. – Алғы сөз, 4-бет.
30. Гренбек К. Лондон қолжазбасы негізіндегі Рабғузидің пайғамбарлар қиссалары. – Лондон: Британия музейі баспасы, 1948.
31. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 7–8-беттер.
32. Татар әдебиетінің тарихы. 6 томдық. 1-том. – Қазан: Татар кітап баспасы, 1984. – 568 б.
33. Рахмонов Н. Өзбек әдебиетін кезеңдерге бөлу мәселелері. – Ташкент: «MUMTOZ SO‘Z» баспасы, 2016. – 274 б.
34. Сайф Сараи. Гүлістан бит-түрки. Баспаға әзірлеген филология ғылымдарының кандидаты Насрулло Даврон // «Үш бұлбұл гүлшені» жинағында. – Ташкент: Ғафур Ғұлам атындағы Әдебиет және өнер баспасы, 1986. – 168–325-бб. – Жалпы көлемі: 650 б.
35. Сағди Ширази. Гүлістан. (Мулла Мұрадқожа аудармасы. Баспаға әзірлеуші, жауапты редактор және алғысөз авторы – Сайфиддин Сайфулло, кіріспе сөз авторы – Рахматулла Баракаев). – Ташкент: Ғылым баспасы, 2005. – 195 б.
36. Наджип Э.Н. Мамлюк Мысырындағы түркі тілді әдебиет пен мәдениет (XIV ғасыр). – Түркістан: Тұран, 2004. – 244 б.
37. Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература Мамлюкского Египта XIV века. Туркистан: Тұран, 2004. - 244 б.
38. Әмірханов Р. Көркем шығарма және оны оқыту. – Алматы: Білім, 1996. – 125 б.
39. Нысанбаев Ә., Сыздықова Р. Білім мен тәрбиенің философиялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 224 б.
40. Қыраубайқызы А. Әдебиет және көркемдік таным. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 184 б.
41. Сағындықұлы Б. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1999. – 288 б.
42. Әлімбаев М., Қалиев С. Тәрбие тағылымы. – Алматы: Санат, 1996. – 176 б.

43. Құрманалина Ш., Сағымбай Ж., Сатыбалдиева Б. Интерактивті әдістер арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 124 б.
44. Подласый И.П. Педагогика: Жаңа курс. – Мәскеу: Владос, 2000. – 383 б.
45. Қыраубаева А. Әдебиет және руханият. – Алматы: Ғылым, 1997. – 248 б.
46. Қыраубаева А. Әдебиет және руханият. – Алматы: Қазақ университеті, 2012 (қайта басылым).
47. Қыраубаева А. Әлем және мен: «Әдеп» пәніне арналған әдістемелік құрал. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 56 б.
48. Бомбаччи А. Түрік әдебиеті бойынша оқу құралы. – Турин: Дж. Эйнауди баспасы, 1956. – 230 б.
49. Бердібаев Р. Ертедегі әдебиет куәлары. – Алматы: Рауан, 1986
50. Мырзахметұлы М. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілдік ерекшеліктері. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2002.

